



Предупреждение ПРЕСТУПНОСТИ

КАЗАХСТАНСКАЯ КРИМИНОЛОГИЧЕСКАЯ АССОЦИАЦИЯ

ISSN 1608-84-17

№4 (76) - 2025

ЮРИДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Журнал издается с 2001 года



ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ПРЕСТУПНОСТИ

ЮРИДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

Учредитель и издатель:

Казахстанская криминологическая
ассоциация

Издается с 2001 года

Председатель редакционной коллегии – Рогов И.И.

Состав Редакционной коллегии

Когамов М.Ч. – д.ю.н. (Казахстан)
Имашев Б.Т. – к.ю.н. (Казахстан)
Джансараева Р.Е. – д.ю.н. (Казахстан)
Мами К.А. – д.ю.н. (Казахстан)
Жалаири О.Ш. – д.ю.н. (Казахстан)
Сайтбеков А.М. – д.ю.н. (Казахстан)
Жетписов С.К. – д.ю.н. (Казахстан)
Голик Ю.В. – д.ю.н. (Россия)
Зайцев О.А. – д.ю.н. (Россия)
Мацкевич И.М. – д.ю.н. (Россия)
Ключко Р.Н. – к.ю.н. (Беларусь)
Маткаримова Г.А. – д.ю.н. (Узбекистан)
Абзалова Х.М. – д.ю.н. (Узбекистан)
Рысмендеев Б.Д. – д.ю.н. (Кыргызская Республика)

Главный редактор:

Алибаева Г.А. – д.ю.н. (Казахстан)

Ответственный секретарь:

Дузбаева С.Б. – доктор PhD

Журнал зарегистрирован Министерством информации
и общественного согласия Республики Казахстан 1 августа 2000г.
Свидетельство о регистрации №1416-Ж. 1608-8417.
Подписной индекс: 75714

Адрес: Республика Казахстан 050022, г. Алматы,
ул. Курмангазы, 107. тел. 8 727 350-78-88 вн.(200)
факс: 8 727 292-98-77
e-mail: kazcrim@mail.ru www.kazcrim.com

СОДЕРЖАНИЕ

Абильмажинова К.А., Куаналиева Г.А. Кәмелетке толмағандар саудасы: құқықтық реттеу және алдын алу мәселелері	3
Адамбекова А.А., Куаналиева Г.А. Бандитизмнің алдын алу: құқықтық, криминологиялық және әлеуметтік аспектілері	7
Алаев Д. Жасанды интеллект: теориялық және құқықтық аспектілері	11
Зулеева А.Ж., Абдихаликов А.А., Шидемов А.Г. Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық әрекеттердің алдын алуда қолданылатын жедел-іздістіру профилактикасының нысандары	15
Зулеева А.Ж., Ушуров К.Т., Шидемов А.Г. Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын алу және жедел-іздістіру шараларының құқықтық негіздері	23
Куралова Л.А. Виктимологиялық факторлар және оларды құқықтық бағалау	32
Kuralova L.A. Legal mechanisms for protecting victims of bullying	39
Серик Б., Куаналиева Г.А. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері және оларды саралау	44

УДК 343.431

Абильмажинова К.А.¹, Куаналиева Г.А.^{2*}¹Қонаев Университетінің 2-курс магистранты,²Қонаев Университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

*e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР САУДАСЫ: ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада кәмелетке толмағандар саудасының құқықтық табиғаты, оның негізгі белгілері, құрылымдық элементтері мен пайда болу себептері кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында аталған қылмыстың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы, оның қоғамға төндіретін қауіп деңгейі және кәмелетке толмағандардың ерекше қорғалатын субъект ретіндегі құқықтық мәртебесі талданады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнама мен халықаралық құқық нормаларының өзара байланысы мен ерекшеліктері сараланып, БҰҰ-ның Палермо хаттамасы және өзге де халықаралық актілер негізінде құқықтық реттеудің негізгі бағыттары айқындалады. Авторлар кәмелетке толмағандар саудасының алдын алу және оған қарсы күресудің тиімді құқықтық, әлеуметтік және институционалдық тетіктерін ұсынады. Мақалада қылмыстың таралуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және ұйымдасқан қылмыстық факторлар жан-жақты қарастырылып, оларды жоюдың нақты жолдары негізделеді.

Кілт сөздер: адам саудасы, кәмелетке толмағандар, қылмыстық жауапкершілік, құқықтық реттеу, қорғау, алдын алу, халықаралық құқық, балалар құқықтары.

ТОРГОВЛЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИМИ: ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ И ПРОБЛЕМЫ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ

Аннотация. В статье комплексно рассматриваются правовая природа торговли несовершеннолетними, ее основные признаки, элементы состава и причины возникновения. В ходе исследования анализируется уголовно-правовая характеристика данного преступления, уровень его общественной опасности, а также особенности правового статуса несовершеннолетних как особо защищаемой категории лиц. Особое внимание уделяется анализу национального законодательства Республики Казахстан и международных правовых актов, включая Палермский протокол ООН, что позволяет выявить ключевые направления правового регулирования в данной сфере. Авторами предложены эффективные правовые, социальные и институциональные механизмы предупреждения и противодействия торговле несовершеннолетними. Также раскрываются социально-экономические и криминогенные факторы, способствующие распространению данного явления, и обосновываются пути их устранения.

Ключевые слова: торговля людьми, несовершеннолетние, уголовная ответственность, правовое регулирование, защита, профилактика, международное право, права детей.

TRAFFICKING IN MINORS: LEGAL REGULATION AND PREVENTION ISSUES

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the legal nature of trafficking in minors, its key features, structural elements, and underlying causes. The study examines the criminal law characteristics of this offense, its level of social danger, and the specific legal status of minors as a particularly vulnerable and protected group. It also analyzes the interaction between national legislation of the Republic of Kazakhstan and international legal standards, including the

UN Palermo Protocol, highlighting the main directions of legal regulation in this field. The author proposes effective legal, social, and institutional mechanisms for preventing and combating child trafficking. Special attention is given to socio-economic, psychological, and criminogenic factors contributing to the spread of this phenomenon, as well as to the development of measures aimed at eliminating them.

Key words: human trafficking, minors, criminal liability, legal regulation, protection, prevention, international law, children's rights.

Қазіргі жаһандану жағдайында адам саудасы, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасы, әлемдік қауымдастық үшін аса өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл құбылыс адам құқықтарының өрескел бұзылуы ретінде бағаланып, мемлекеттердің құқықтық жүйесіне, әлеуметтік тұрақтылығына және ұлттық қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіреді. Кәмелетке толмағандар ерекше қорғалуға тиіс әлеуметтік топ болғандықтан, олардың заңсыз айналымға түсуі қоғам үшін ауыр салдарларға әкеледі.

Кәмелетке толмағандар саудасы – балаларды пайдалану мақсатында оларды сатып алу, сату, тасымалдау, беру немесе жасырумен байланысты қылмыстық әрекеттердің жиынтығы. Мұндай әрекеттердің негізгі мақсаты – еңбек қанауы, жыныстық пайдалану, қайыршылыққа тарту немесе заңсыз қызметтерге мәжбүрлеу.

Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың басты ерекшелігі – жәбірленушінің келісімінің құқықтық маңызының болмауы. Себебі кәмелетке толмаған тұлға толық құқықтық қабілетке ие емес және оның еркі сыртқы ықпалдарға тәуелді болады.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар саудасына қарсы күрес Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекс (ҚРҚК) нормаларымен реттеледі. Аталған кодексте адам саудасы үшін қатаң санкциялар белгіленген, ал балаларға қатысты жасалған әрекеттер ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылады.

ҚРҚК 135-бабының 1 бөлігіне сәйкес:

1. Кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [1].

Кәмелетке толмаған адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сондай-ақ оны қанау, азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу және қанау мақсатындағы өзге де әрекеттер жасау құрамын қылмыстың 4 элементі бойынша сараласақ, қылмыстың объектісі ретінде кәмелетке толмағандардың жеке бостандығы, ар-намысы мен қадір-қасиеті, сондай-ақ олардың денсаулығы, қалыпты дамуы және құқықтары мен заңды мүдделері танылады. Объективтік жағы әрекет арқылы көрінеді және заңда көрсетілген балама әрекеттердің кез келгенін жасаумен сипатталады, бұл ретте құрам формальдық болып табылады, яғни зиянды салдардың туындауы міндетті емес және қылмыс аталған әрекеттердің кез келгені жасалған сәттен бастап аяқталған деп есептеледі, сонымен қатар міндетті белгісі – қанау мақсатының болуы. Субъектісі – 16 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға. Субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен сипатталады және міндетті түрде арнайы мақсат – кәмелетке толмағанды қанау мақсатын көздейді [2, 102 б.].

ҚРҚК 135-бабының 2 бөлігінде кәмелетке толмағандар саудасының ауырлатылған 14 түрлі белгіленген. Мысалы: 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен; 2) бірнеше рет; 3) өмірге және денсаулыққа қауіпті күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп; 4) қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып; 5) екі және одан да көп адамға қатысты; 6) транспланттау немесе өзге де пайдалану үшін жәбірленушінің ағзаларын немесе тіндерін алып қою мақсатында; 7) алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен; 8) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып; және т.б.

Аталған бөлік бойынша көрсетілген санкция: «мүлкі тәркіленіп, тоғыз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» және ауыр қылмыс санатына жатады [1].

ҚРҚК 135-бабының 3 және 4 бөліктерінде кәмелетке толмағандар саудасының аса ауырлатылған құрамдары белгіленген. Қылмыс санаты бойынша аса ауыр қылмыс болып сараланады.

«2023 жылы жаңа туған нәрестелерді сату фактілері бойынша барлығы 19 қылмыстық іс қозғалды. Негізгі бөлігі сотқа жетті. 17 адамға 14 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Мысалы, өткен жылы Алматы қаласында ұйымдасқан топ, оның ішінде жаңа туған балалар саудасымен айналысқан АХАЖ қызметкері түрлі жаза мерзіміне сотталды. Іс бойынша 12 жаңа туған нәрестеге қатысты сатып алу-сату және өзге де мәміле фактілері анықталды». «Мәмілелер сомасы 100 мың теңгеден 2 млн теңгеге дейін жетеді. Көбінесе тәуекел тобына халықтың әлеуметтік осал топтары – туыстарымен байланысын жоғалтқан адамдар, үйсіз адамдар, толық емес, қолайсыз отбасылардан шыққан жасөспірімдер, заңсыз мигранттар және т.б. кіреді» [3].

Ресейлік ғалым А.В. Наумов адам саудасын «адамды тауарға айналдыру» ретінде сипаттай отырып, бұл қылмыстың басты ерекшелігі – адамның құқық субъектісі ретіндегі мәртебесінің жойылуында деп көрсетеді [4, 89 б.]. Бұл көзқарас қылмыстың әлеуметтік қауіптілігін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Н.А. Лопашенко адам саудасын ұйымдасқан және трансұлттық қылмыстың бір түрі ретінде қарастырып, кәмелетке толмағандардың бұл жүйеде ең осал және қорғалмаған топ екенін атап өтеді [5, 99 б.]. Оның пікірінше, мұндай қылмыстармен күресу үшін халықаралық ынтымақтастық пен кешенді шаралар қажет.

Ал А.И. Парог кәмелетке толмағандарға қатысты адам саудасында жәбірленушінің келісімі құқықтық маңызға ие емес екенін атап көрсетеді, бұл олардың ерекше қорғалатын құқықтық мәртебесін дәлелдейді [6, 87 б.].

Шетелдік ғалымдар да бұл мәселені әртүрлі қырынан талдайды. Мысалы, Кевин Бейлс адам саудасын экономикалық тұрғыдан қарастырып, оны сұраныс пен ұсынысқа негізделген құбылыс ретінде түсіндіреді, яғни қанауға деген сұраныс сақталған жағдайда бұл қылмыс жойылмайды [7, 67 б.]. П. Хайнс кәмелетке толмағандар саудасын баланың негізгі құқықтарының өрескел бұзылуы деп бағалап, оны ең алдымен адам құқықтары проблемасы ретінде қарастырады [8, 57 б.].

Халықаралық деңгейде бұл мәселе БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясымен [9]. және Палермо хаттамасымен реттеледі [10]. Бұл құжаттар мемлекеттерге балаларды қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және кінәлі тұлғаларды жазалау бойынша міндеттер жүктейді [2].

Кәмелетке толмағандар саудасының себептері көпқырлы сипатқа ие:

- әлеуметтік теңсіздік пен кедейлік;
- жұмыссыздық және халықтың табыс деңгейінің төмендігі;
- отбасы институтының әлсіреуі;
- құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі;
- интернет пен әлеуметтік желілердің бақылаусыз дамуы;
- көші-қон процестерінің күшеюі.

Аталған факторлар балалардың түрлі қылмыстық топтардың ықпалына түсуіне жағдай жасайды.

Кәмелетке толмағандар саудасының алдын алу кешенді тәсілді талап етеді. Негізгі бағыттар мыналар:

- құқықтық реттеуді жетілдіру;
- құқық қорғау органдарының қызметін күшейту;
- халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру;
- білім беру ұйымдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Сонымен қатар жәбірленушілерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу маңызды орын алады. Бұл шаралар психологиялық көмек көрсету, білім беру және әлеуметтік қолдауды қамтиды.

Қазіргі кезеңде цифрландыру үдерістері кәметке толмағандар саудасының жаңа түрлерінің пайда болуына ықпал етуде. Интернет арқылы балаларды алдау, оларды заңсыз әрекеттерге тарту жағдайлары жиілеп отыр. Бұл өз кезегінде киберқауіпсіздік шараларын күшейтуді және жаңа құқықтық механизмдерді енгізуді талап етеді.

Кәметке толмағандар саудасы – қазіргі қоғамдағы ең қауіпті әрі көпқырлы қылмыстардың бірі болып табылады. Ол тек қылмыстық-құқықтық мәселе ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және адам құқықтарына тікелей қатысты күрделі құбылыс. Бұл қылмыс балалардың өміріне, денсаулығына, психикалық дамуына және негізгі құқықтарына елеулі зиян келтіреді.

Онымен тиімді күресу үшін құқықтық, әлеуметтік және институционалдық шараларды өзара үйлестіре отырып жүзеге асыру қажет. Атап айтқанда, қылмыстық заңнаманы жетілдіру, құқық қорғау органдарының қызметін күшейту, алдын алу тетіктерін дамыту, сондай-ақ халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, әлеуметтік осал топтарды қорғау, балаларға қатысты бақылауды күшейту және халықаралық ынтымақтастықты дамыту да ерекше мәнге ие.

Мемлекет балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды басым бағыттардың бірі ретінде қарастыруы тиіс. Бұл ретте кәметке толмағандарды қорғау жөніндегі ұлттық және халықаралық стандарттарды тиімді іске асыру, сондай-ақ құқық қолдану практикасының бірізділігін қамтамасыз ету маңызды.

Тек кешенді, жүйелі және үйлестірілген шаралар арқылы ғана кәметке толмағандар саудасының алдын алуға, оның таралу ауқымын қысқартуға және қоғамда қауіпсіз әрі әділетті құқықтық ортаны қалыптастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
2. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық кодекске түсіндірме (Жалпы және Ерекше бөлім) – Алматы, 2015. – 768 б.
3. Адам сату саудасы артып барады // <https://democrat.kz/kz/article/adam-satu-saudasy-artyp-barady.html>
4. Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть. – Москва, 2002. – 345 с.
5. Лопашенко Н.А. Преступления против свободы личности. – Москва, 2004. – 278 с.
6. Парог А.И. Уголовное право России. – Москва, 1997. – 345 с.
7. Bales K. Disposable People: New Slavery in the Global Economy. – Berkeley, 1999. – 347 p.
8. Hynes P. Human Trafficking of Children and Young People. – Bristol, 2015. – 345 p.
9. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400>
10. Protocol to Prevent, Suppress and Punish Trafficking in Persons (Palermo Protocol, 2000)

УДК 343.9

Адамбекова А.А.¹, Куаналиева Г.А.^{2*}

¹Қонаев Университетінің 2-курс магистранты,

²Қонаев Университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

*e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

БАНДИТИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ: ҚҰҚЫҚТЫҚ, КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада бандитизмнің алдын алу мәселелері құқықтық, криминологиялық және әлеуметтік аспектілер тұрғысынан кешенді түрде зерттеледі. Авторлар бандитизмнің құқықтық табиғатын талдай отырып, оның ұйымдасқан қылмыс жүйесіндегі орны мен ерекшеліктерін айқындайды. Сонымен қатар, бандитизмнің негізгі белгілері – қаруланған тұрақты топтың болуы, қылмыстық мақсатқа бағытталуы және жоғары қоғамдық қауіптілігі ғылыми тұрғыда негізделеді.

Мақалада бандитизмнің пайда болуына әсер ететін факторлар жан-жақты қарастырылады. Атап айтқанда, әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық, құқықтық мәдениеттің төмендігі, жастар арасындағы девиантты мінез-құлық, сыбайлас жемқорлық және құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігінің жеткіліксіздігі негізгі себептер ретінде талданады. Сонымен бірге урбанизация, көші-қон процестері және ақпараттық кеңістіктің әсері де назардан тыс қалмайды.

Зерттеу барысында бандитизмнің алдын алу шараларының негізгі бағыттары жүйеленеді. Құқықтық шаралар шеңберінде қылмыстық заңнаманы жетілдіру, жауапкершілікті күшейту және ұйымдасқан қылмысқа қарсы арнайы нормаларды енгізу қажеттілігі көрсетіледі. Ұйымдастырушылық шаралар ретінде құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын арттыру, жедел-ізвестіру қызметін жетілдіру және цифрлық технологияларды қолдану ұсынылады. Әлеуметтік алдын алу шаралары ретінде халықтың әл-ауқатын арттыру, жастарды жұмыспен қамту, құқықтық тәрбие беру және қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: бандитизм, ұйымдасқан қылмыс, қылмыстың алдын алу, криминология, құқықтық саясат, қоғамдық қауіпсіздік, құқық қорғау органдары, әлеуметтік факторлар, құқықтық мәдениет.

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ БАНДИТИЗМА: ПРАВОВЫЕ, КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

Аннотация. В данной статье комплексно рассматриваются вопросы предупреждения бандитизма с правовой, криминологической и социальной точек зрения. Авторы раскрывают правовую природу бандитизма, определяют его место в системе организованной преступности и анализируют его основные признаки, такие как устойчивость группы, вооружённость и направленность на совершение преступлений. Особое внимание уделяется высокой степени общественной опасности данного явления.

В работе подробно исследуются причины возникновения бандитизма. К ним отнесены социально-экономические факторы, включая безработицу и социальное неравенство, низкий уровень правовой культуры, распространение девиантного поведения среди молодежи, а также коррупция и недостаточная эффективность деятельности правоохранительных органов. Дополнительно рассматривается влияние урбанизации и миграционных процессов.

Автором систематизированы основные направления профилактики бандитизма. В рамках правовых мер обосновывается необходимость совершенствования уголовного законодательства и усиления ответственности за участие в организованных преступных

группах. Организационные меры включают повышение эффективности взаимодействия правоохранительных органов и внедрение современных технологий в оперативно-розыскную деятельность. Социальные меры направлены на повышение уровня жизни населения, развитие системы образования и формирование правовой культуры.

Ключевые слова: бандитизм, организованная преступность, профилактика преступности, криминология, уголовное право, общественная безопасность, правоохранительные органы, социальные факторы, правовая культура.

PREVENTION OF BANDITRY: LEGAL, CRIMINOLOGICAL AND SOCIAL ASPECTS

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the prevention of banditry from legal, criminological, and social perspectives. The author examines the legal nature of banditry, identifies its place within the system of organized crime, and analyzes its key characteristics, including stability, armed nature, and criminal intent. The high level of social danger associated with banditry is also emphasized.

The study explores the main causes contributing to the emergence of banditry. These include socio-economic factors such as unemployment and social inequality, a low level of legal awareness, the spread of deviant behavior among youth, corruption, and the insufficient effectiveness of law enforcement agencies. The influence of urbanization and migration processes is also considered.

The article systematizes the main directions of banditry prevention. Legal measures include the improvement of criminal legislation and strengthening liability for participation in organized criminal groups. Organizational measures focus on enhancing cooperation between law enforcement agencies and implementing modern technologies in operational activities. Social measures involve improving living standards, developing the education system, and fostering legal culture in society.

Key words: banditry, organized crime, crime prevention, criminology, criminal law, public safety, law enforcement agencies, social factors, legal culture.

Қазіргі кезеңде қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттік саясаттың негізгі басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда ұйымдасқан қылмыстың қауіпті түрлерінің бірі – бандитизм ерекше назар аударуды талап етеді. Бандитизм қоғамдық тәртіпке, азаматтардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ экономикалық тұрақтылыққа елеулі қауіп төндіреді. Сондықтан оның алдын алу мәселесі кешенді ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан қарастыруды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес бандитизм – бұл азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатында құрылған тұрақты қарулы топтың (банданың) әрекеті болып табылады [1]. Бандитизмнің негізгі белгілеріне топтың тұрақтылығы, қарулануы және қылмыстық мақсатқа бағытталуы жатады. Бұл қылмыстың ерекшелігі – оның алдын ала ұйымдастырылуы және жоғары деңгейдегі қоғамдық қауіптілігі.

Ғылыми әдебиеттерде бандитизм ұйымдасқан қылмыстың күрделі және көпқырлы нысандарының бірі ретінде қарастырылады. Қазіргі криминологиялық теорияларда ол тек қылмыстық-құқықтық категория ретінде емес, әлеуметтік жүйенің дисфункциясының көрінісі ретінде сипатталады. В.Н. Кудрявцевтің пікірінше, қылмыстылық, соның ішінде ұйымдасқан қылмыс, қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуінің нәтижесі болып табылады және ол экономикалық теңсіздік, әлеуметтік әділетсіздік және құқықтық реттеудің әлсіздігімен тікелей байланысты [2, 87 б.]. Бұл көзқарас бандитизмді жеке құқық бұзушылық ретінде емес, әлеуметтік процестердің туындысы ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Шетелдік криминологиялық зерттеулерде де осыған ұқсас тұжырымдар кездеседі. Мысалы, Дж. С. Альбанезе ұйымдасқан қылмысты нарықтық қатынастардың көлеңкелі сегментінің ажырамас бөлігі ретінде сипаттай отырып, оның пайда болуын заңсыз

экономикалық қызметке деген сұраныспен байланыстырады [3, 77 б.]. Оның пайымдауынша, бандитизм секілді қылмыстық құрылымдар әлеуметтік бақылау әлсіреген және заң үстемдігі жеткіліксіз қамтамасыз етілген ортада қарқынды дамиды. Ал К. Ломброзо мен оның ізбасарлары қылмыстық мінез-құлықтың биопсихологиялық негіздерін зерттей отырып, қылмыстылықты тұлғаның туа біткен ерекшеліктерімен және оның әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейімен байланыстырады. К. Ломброзоның классикалық теориясына сәйкес, кейбір адамдар «туа біткен қылмыскер» типіне жатады және олардың мінез-құлқы биологиялық факторлармен алдын ала анықталуы мүмкін [4, 34 б.]. Кейінгі зерттеулерде бұл көзқарас толықтырылып, тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейінің төмендігі, әлеуметтік байланыстардың әлсіздігі және психологиялық тұрақсыздық қылмысқа бейімділікті арттыратыны көрсетілген.

Ломброзоның идеяларын дамытқан ізбасарлары қылмыстылықты тек биологиялық фактормен шектемей, оны әлеуметтік және психологиялық факторлармен ұштастыра қарастыру қажеттігін дәлелдеді. Осы тұрғыда қылмыстық мінез-құлық тұлғаның жеке ерекшеліктері мен әлеуметтік ортаның өзара ықпалының нәтижесі ретінде бағаланады. Бандитизмнің туындауына әсер ететін факторларды талдау кезінде әлеуметтік-экономикалық детерминация ерекше орын алады. Е.О. Алауханов атап өткендей, қоғамдағы әлеуметтік стратификацияның күшеюі және халықтың белгілі бір бөлігінің маргиналдануы қылмыстық топтардың қалыптасуына негіз болады [5, 96 б.]. Бұл ретте жұмыссыздық пен табыс теңсіздігі тек материалдық тапшылықты ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік әділетсіздік сезімін күшейтеді, ал бұл өз кезегінде девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына әкеледі. Роберт Мертонның аномия теориясы тұрғысынан қарастырғанда, қоғамда жарияланған мақсаттар мен оларға жетудің заңды құралдары арасындағы сәйкессіздік (дисбаланс) қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасуына негіз болады. Р. Мертонның пікірінше, қоғам белгілі бір мәдени мақсаттарды (мысалы, материалдық табыс, әлеуметтік жетістік) алға қояды, алайда барлық азаматтарға сол мақсаттарға заңды жолмен жету мүмкіндігі бірдей берілмейді. Осындай жағдайда тұлғалар бейімделудің девиантты формаларына, соның ішінде қылмыстық әрекеттерге жүгінуі мүмкін [6, 672 б.].

Осы теория аясында бандитизмді де түсіндіруге болады. Яғни, әлеуметтік-экономикалық теңсіздік жағдайында кейбір тұлғалар заңды құралдар арқылы мақсатқа жете алмағандықтан, ұйымдасқан қылмыстық топтарға қосылып, заңсыз жолмен табыс табуға ұмтылады. Бұл өз кезегінде бандитизмнің әлеуметтік негізін айқындайды және оның алдын алу үшін тек қылмыстық жазалау емес, әлеуметтік саясаттың да маңызды екенін көрсетеді.

Құқықтық мәдениеттің төмендігі мен құқықтық нигилизм мәселесі де ерекше назар аударуды талап етеді. А.И. Долгованың пікірінше, құқықтық сананың жеткіліксіз қалыптасуы қоғамда заң нормаларының беделін төмендетіп, құқық бұзушылыққа төзімділік деңгейін арттырады [7, 67 б.]. Бұл жағдай ұйымдасқан қылмыстың жасырын түрде дамуына мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық факторы бандитизмнің институционалдық негізін күшейтетін маңызды элементтердің бірі болып табылады. А.В. Наумов атап өткендей, құқықтық мемлекеттің әлсіздігі және мемлекеттік органдардағы жемқорлық ұйымдасқан қылмыстық топтарға қолайлы жағдай туғызады [8, 54 б.]. «Transparency International» ұйымының зерттеулеріне сәйкес, жемқорлық деңгейі жоғары елдерде ұйымдасқан қылмыс та кең таралған. Бұл өзара тәуелділік бандитизмнің алдын алу үшін тек қылмыстық-құқықтық шаралар жеткіліксіз екенін көрсетеді [9].

Урбанизация және көші-қон процестері де бандитизмнің таралуына ықпал ететін факторлар қатарына жатады. Қалалардағы әлеуметтік дифференциация, халықтың тығыздығы және анонимділік деңгейінің жоғары болуы қылмыстық топтардың қалыптасуына жағдай жасайды.

Бандитизмнің алдын алу шаралары жүйелі және көпдеңгейлі сипатта болуы тиіс. Құқықтық шаралар шеңберінде қылмыстық заңнаманы жетілдірумен қатар, оның тиімді қолданылуын қамтамасыз ету маңызды. Қатаң санкциялар енгізу жеткіліксіз, ең бастысы –

заңның бұлжымас орындалуын қамтамасыз ету. Осыған байланысты қылмыстық саясаттың превентивтік бағытын күшейту қажет.

Ұйымдастырушылық шаралар аясында құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру, ведомствоаралық ынтымақтастықты дамыту және заманауи технологияларды енгізу ерекше маңызға ие. Қазіргі таңда big data, жасанды интеллект және бейнебақылау жүйелері қылмыстың алдын алуда тиімді құрал ретінде қолданылуда. Бұл тәжірибе дамыған елдерде өз нәтижесін көрсетіп отыр.

Әлеуметтік алдын алу шаралары бандитизммен күрестің ең тиімді бағыттарының бірі болып табылады. Авторлық тұрғыдан алғанда, қылмыстың себептерін жоюға бағытталған саясат ұзақ мерзімді перспективада анағұрлым тиімді нәтиже береді. Бұл үшін мемлекет әлеуметтік теңсіздікті төмендету, жастар саясатын дамыту, білім беру жүйесін жетілдіру және құқықтық мәдениетті арттыру бағытында кешенді шаралар қабылдауы тиіс.

Осылайша, ғылыми тұжырымдарды талдау бандитизмнің көпфакторлы құбылыс екенін көрсетеді. Оның алдын алу тек құқықтық шаралармен шектелмей, әлеуметтік, экономикалық және институционалдық деңгейде жүзеге асырылуы тиіс. Кешенді және ғылыми негізделген тәсіл ғана бандитизмнің деңгейін тиімді төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында ұйымдасқан қылмыс, оның ішінде бандитизм, құқық қорғау органдарының тұрақты бақылауында. Соңғы жылдардағы ресми статистикалық деректерге сүйенсек, ұйымдасқан қылмыстық топтарға қатысты тіркелген құқық бұзушылықтар саны белгілі бір деңгейде тұрақталғанымен, олардың құрылымы мен әрекет ету тәсілдері күрделене түскен. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметтері бойынша, соңғы жылдары ұйымдасқан қылмысқа қатысты тіркелген істердің үлесі жалпы қылмыстылық құрылымында аз болғанымен, олардың қоғамдық қауіптілік деңгейі жоғары болып отыр. Бұл жағдай бандитизмнің латентті сипатының сақталып отырғанын және оны анықтау мен дәлелдеудің күрделі екенін көрсетеді.

Қазақстанда бандитизм жеке бап ретінде сирек тіркеледі, сондықтан ол көбіне ұйымдасқан қылмыс статистикасы арқылы бағаланады.

Соңғы жылдардағы нақты деректерге келетін болсақ 2024 жылы Қазақстанда 19 аса қауіпті ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекеті тоқтатылды. Осы топтарға байланысты: 72 жетекші мен белсенді қатысушы қылмыстық жауапкершілікке тартылды; 98 адам ауыр және аса ауыр қылмыстар (кісі өлтіру, тонау, бопсалау) бойынша ұсталды [10]. Бұл көрсеткіштер бандитизмнің нақты көрінісі – қарулы және тұрақты топтар арқылы жасалатын қылмыстар бар екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігінің деректері ұйымдасқан қылмыстық топтардың көбінесе экономикалық қылмыстармен, қару-жарактың заңсыз айналымымен және есірткі бизнесімен тығыз байланысты екенін айқындайды. Бұл өз кезегінде бандитизмнің тек күш қолдану сипатындағы қылмыс емес, сонымен қатар экономикалық мүдделермен астасқан күрделі құбылыс екенін дәлелдейді. Қазақстандағы урбанизация деңгейінің артуы, әсіресе ірі қалаларда (Алматы, Астана, Шымкент) әлеуметтік дифференциацияның күшеюі де қылмыстық топтардың қалыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпал етуде.

Халықаралық тәжірибемен салыстырғанда, Қазақстанда ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жүйесі қалыптасқанымен, оның алдын алу тетіктерін жетілдіру қажеттілігі сақталуда. Мысалы, дамыған елдерде қаржылық мониторинг, криминалдық барлау (criminal intelligence) және трансұлттық ынтымақтастық кеңінен қолданылады. Бұл құралдарды ұлттық деңгейде тиімді пайдалану бандитизмнің алдын алуды жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Жүргізілген ғылыми талдау бандитизмнің көпфакторлы және күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс екенін көрсетеді. Ол тек қылмыстық құқық бұзушылық ретінде ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, экономикалық тұрақсыздық, құқықтық мәдениеттің

төмендігі және институционалдық әлсіздік сияқты факторлардың жиынтық нәтижесі ретінде қалыптасады.

Қазақстан жағдайында бандитизмнің алдын алу үшін құқықтық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік шараларды үйлестіру қажет. Құқықтық деңгейде – заңнаманы жетілдіру және оның тиімді орындалуын қамтамасыз ету; ұйымдастырушылық деңгейде – құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын күшейту; әлеуметтік деңгейде – халықтың әлауқатын арттыру және құқықтық мәдениетті қалыптастыру басты бағыттар болып табылады.

Осылайша, бандитизмнің алдын алу тиімділігі мемлекет пен қоғамның бірлескен, жүйелі және ғылыми негізделген әрекетіне тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
2. Кудрявцев В.Н. Причины преступности. – М.: Норма, 2004. – 547 с.
3. Albanese J.S. Organized Crime: From the Mob to Transnational Organized Crime. – New York: Routledge, 2011. – 184 p.
4. Lombroso C. Criminal Man. – Durham: Duke University Press, 2006. – 784 p.
5. Алауханов Е.О. Криминология. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. - 347 с.
6. Merton R.K. Social Structure and Anomie // American Sociological Review. – 1938. – Vol. 3(5). – P. 672–682.
7. Долгова А.И. Криминология. – М.: Норма, 2005. – 478 с.
8. Наумов А.В. Российское уголовное право. – М.: Проспект, 2010. – 347 с.
9. Corruption Perceptions Index (CPI) Reports – жыл сайынғы есептер.// <https://www.transparency.org>
10. Қазақстанда 2024 жылы 19 қылмыстық топ әшкере болды // https://stan.kz/kazakstanda-2024-zhili-19-kilmistik-top-ashkere-boldi-412043/?utm_source=chatgpt.com

XҒТАР 10.77.51

Д. Алаев

Қонаев университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа. Берілген мақалада жасанды интеллект түсінігін анықтаудың әртүрлі тәсілдері қаралады және талданады, сондай-ақ цифрлық технологияларды дамыту саласындағы стратегиялық сипаттағы мемлекеттік бағдарламалық құжаттарға шолу жасалады.

Өмірдің әртүрлі салаларында жасанды интеллекттің белсенді түрде енуі жағдайында «жасанды интеллект» заңды тұжырымдамасын әзірлеу және оны құқықтық актілерде бекіту мәселелерін қарастыру өте өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан процестер құқық ғылымы алдына жасанды интеллекттің дамуы жағдайында құқықтың рөлі мен оның құқықтық табиғатын жалпы теориялық тұрғыдан түсінуге байланысты бірқатар маңызды мәселелерді қойып отыр. Қазіргі таңда әртүрлі салаларда, соның ішінде құқықтық салада жасанды интеллектті енгізу мен пайдалану ерекшелігін зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеу мақсаты заң әдебиеттері мен нормативтік құқықтық актілерде жасанды интеллектті анықтаудың әртүрлі әдістерін талдау негізінде «жасанды интеллект» анықтамасын беру болып табылады. Авторлар қазіргі уақытта жасанды интеллект ұғымының

біркелкі анықтамасының жоқтығын, бұл ұғымның халықаралық құжаттарда да, құқықтық ғылыми әдебиеттерде де нақты айқындалмағанымен байланыстырады.

Зерттеу барысында жасанды интеллект түсінігін анықтаудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру жасанды интеллект технологияларын қолдану тәжірибелерінің жинақталуына және нормативтік құқықтық базаның дамуына қарай құрылатындығы анықталды.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, құқықтық реттеу, құқықтық аспектілер, азаматтық-құқықтық жауапкершілік, этика, деректерді қорғау, алгоритмдік шешімдер

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ

Аннотация. В статье рассматриваются и анализируются различные подходы к определению понятия искусственного интеллекта, а также анализируются документы государственной программы стратегического характера в области развития цифровых технологий.

В контексте активного проникновения искусственного интеллекта в различные сферы жизни весьма актуальны вопросы разработки правового понятия «искусственный интеллект» и его консолидации в правовых актах.

Происходящие в настоящее время процессы ставят перед юридической наукой ряд важных вопросов, касающихся общего теоретического понимания роли права и его правовой природы в контексте развития искусственного интеллекта. В настоящее время актуально изучение специфики внедрения и использования искусственного интеллекта в различных областях, включая правовую сферу.

Цель исследования – дать определение «искусственного интеллекта» на основе анализа различных методов определения искусственного интеллекта в юридической литературе и нормативно-правовых актах. Авторы объясняют нынешнее отсутствие единого определения понятия искусственного интеллекта тем, что это понятие нечетко определено ни в международных документах, ни в юридической научной литературе.

В ходе исследования было установлено, что формирование единых подходов к определению понятия искусственного интеллекта основано на накоплении опыта использования технологий искусственного интеллекта и разработке нормативно-правовой базы.

Ключевые слова: искусственный интеллект, правовое регулирование, правовые аспекты, гражданская ответственность, этика, защита данных, алгоритмические решения

ARTIFICIAL INTELLIGENCE: THEORETICAL AND LEGAL ASPECTS

Abstract. The article reviews and analyzes various approaches to defining the concept of artificial intelligence, as well as reviews state program documents of a strategic nature in the field of development of digital technologies.

In the context of the active penetration of artificial intelligence into various spheres of life, it is very relevant to consider the issues of developing a legal concept of "artificial intelligence" and its consolidation in legal acts.

The processes currently underway pose a number of important issues for legal science related to the general theoretical understanding of the role of law and its legal nature in the context of the development of artificial intelligence. Currently, it is relevant to study the specifics of the introduction and use of artificial intelligence in various fields, including the legal sphere.

The purpose of the study is to provide a definition of "artificial intelligence" based on an analysis of various methods of defining artificial intelligence in legal literature and regulatory legal acts. The authors attribute the current lack of a uniform definition of the concept of artificial intelligence to the fact that this concept is not clearly defined either in international documents or in legal scientific literature.

During the study, it was found that the formation of unified approaches to defining the concept of artificial intelligence is based on the accumulation of experience in the use of artificial intelligence technologies and the development of a regulatory legal framework.

Key words: artificial intelligence, legal regulation, legal aspects, civil liability, ethics, data protection, algorithmic solutions

Кіріспе

Электрондық үкіметті дамыту рейтингінде Қазақстан 193 елдің ішінде 24-ші орында тұр. Қазақстанның электрондық үкіметінің тиімділігі жоғары бағаланды, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының сарапшылары да.

Бұл жоғары лауазымға мемлекеттік басқаруды цифрландыру арқылы қол жеткізілді [1].

2021 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жасанды интеллектті заңнамалық реттеу қажеттілігін атап өткен «2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасын» бекітті, онда жасанды интеллектке, атап айтқанда:

- жасанды интеллект келтірген зиян үшін жауапкершілікті бөлу;
- жасанды интеллект арқылы жасалған туындыларға зияткерлік меншік құқықтарының меншік құқығын анықтау;
- орта және жоғары кәсіптік білім беруде қайта даярлау және біліктілікті арттыру нысандары [2].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында «Үкіметке экономиканың барлық салаларын жаңғырту және кәсіпкерлік бастаманы жандандыру үшін жасанды интеллектті кешенді енгізуді қамтамасыз ету міндеті жүктелген, сондықтан заңнамалық базаны жаңғырту қажет. Елде 21 кодекс және 300-ден астам заң бар. Олар көбінесе бір-біріне қайшы келетін және сайып келгенде бизнестің дамуына кедергі келтіретін түзетулермен толтырылған. Заңнаманы мұқият қарау қажет» деп атап өтілді [3].

Қазақстан әлемдегі жасанды интеллектті пайдаланудың заңнамалық базасын жасап, өзіндік моделін әзірлеген алғашқы елдердің бірі болып табылады. Нақтырақ айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі №997 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі болып қайта құрылды, инновациялық қызметке қатысты функциялар мен өкілеттіктер Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне берілді [4].

Қазіргі кезде жасанды интеллектті құқықтық қамтамасыз ету технологиялық дамудан артта қалып келеді. Бұл құқықтық реттеу объектісінің күрделілігі мен жаңалығымен анықталады.

Жасанды интеллекттің жетістіктері бизнестен бастап жеке дамуға дейінгі көптеген салаларда қолданылуда. Күн сайын, ғылыми-фантастикалық фильмдердегідей, ол жетілдіріліп, адамзат игілігі үшін оны пайдаланудың жаңа идеялары пайда болады. Сонымен қатар, оны дұрыс пайдаланбау қаупі артып келеді, бұл ықтимал тәуекелдер мен теріс салдарды азайту үшін жасанды интеллект келтірген залал үшін заңды жауапкершілік шараларын белгілеуді қажет етеді. Жасанды интеллект ұғымының құқықтық бекітілуін қарамас бұрын аталған ұғымның теориялық жағынан қалыптасуының тарихын қарастырып өту қажет.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы құқықтық, диалектикалық талдау және жалпыдан жекеге және жекеден жалпыға өту әдістері яғни, құқықтық-мазмұндық талдау, салыстырмалы-құқықтық әдіс, статистикалық талдау, эмпирикалық, синтез және жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылаулар

24 қыркүйекте Мәжіліс Қазақстанда жасанды интеллект технологияларын және жүйелерін пайдаланудың құқықтық негізін белгілейтін негізгі құжатқа айналған «Жасанды интеллект туралы» Заңды қабылдады.

Заң жобасын парламентарийлер тобы 2025 жылдың басында бастамашылық еткен. Жұмыс тобының құрамына мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектордың, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктердің және құқықтың әртүрлі салаларындағы ғылыми ұйымдардың өкілдері кіреді. 100-ден астам түзету қарастырылды.

Оны әзірлеу кезінде шет елдердің тәжірибесі ескерілді. Парламенттегі көріністердің артында депутаттар бұл заңды көбінесе негіздік заң деп атады. «Негізгі заң – бұл реттеудің жалпы қағидаттарын, мақсаттарын және бағыттарын егжей-тегжейлі қарастырмай белгілейтін нормативтік акт. Ол құқықтық реттеудің негізін жасайды, ал нақты нормалар мен ережелер әдетте жарғыларда немесе бөлек, егжей-тегжейлі заңдарда баяндалады».

Қазақстан Республикасының Құрметті заңгері С.Ғ. Темірболатовтың жаңа заңға қатысты пікірлері қызығушылық тудырады: «Парламенттің төменгі палатасы қараған және қабылдаған заң жобасының мәтіні жасанды интеллектті енгізу процесіне қатысты шамадан тыс техникалық мәліметтермен толтырылған, ол заң актілерімен реттелуі тиіс. Заң жобасының мәтінінде тұтас тараулар мен базалық заңда болмауы тиіс жеке баптар бар, ал кейбір баптар таза декларативтік сипатта болады» [5].

Жасанды интеллект - бұл адамның когнитивтік функцияларын, мысалы, оқу, ақпаратты талдау, шешім қабылдау және болжау сияқты функцияларын имитациялауға қабілетті технологиялар жиынтығы. Құқықтық салада нақты тапсырмаларды орындауға арналған «тар» жасанды интеллект жүйелері кеңінен қолданылады.

Заңдық тәжірибеде қолданылатын негізгі жасанды интеллект технологияларына машиналық оқыту, табиғи тілді өңдеу (NLP) және роботтық процестерді автоматтандыру (RPA) жатады. Мысалы, табиғи тілді өңдеу жүйелері сот шешімдері мен келісімшарттарының мәтінін автоматты түрде талдай алады, негізгі ережелер мен ықтимал тәуекелдерді анықтай алады.

Жасанды интеллект заңгерлік міндеттердің кең ауқымында қолданылады. Негізгі бағыттардың бірі - құжаттарды автоматтандыру. Kira Systems және Luminance сияқты платформалар келісімшарттық құжаттаманың үлкен көлемін талдау, маңызды шарттарды алу және тәуекелдерді анықтау үшін қолданылады.

Сот ісінде және арбитражда жасанды интеллект даулардың нәтижелерін болжау үшін қолданылады. Lex Machina және Premonition сияқты шешімдер судьялардың, даугерлердің мінез-құлқын және іс сипаттамаларын талдайды, бұл адвокаттарға дәлірек процедуралық стратегияларды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Құқықтық ұстанымдарды дайындауда жасанды интеллект тараптардың дәлелдеріндегі әлсіз жақтарды анықтауға, дәлелдемелер базасын құрылымдауға және ұсыныстар жасауға көмектеседі. Сотқа дейінгі және соттағы дауларды шешуде интеллектуалды жүйелерді пайдалану құқықтық талдаудың объективтілігі мен тиімділігіне ықпал етеді.

Жасанды интеллект заңгерлерді алмастырмайды, бірақ олардың жұмысының сипатын түбегейлі өзгертеді. Күнделікті тапсырмаларды орындаудан күрделі аналитикалық және стратегиялық мәселелерді шешуге ауысу бар. Болашақ заңгерлері тек терең құқықтық білімге ғана емес, сонымен қатар цифрлық технологиялар дағдыларына да ие болуы керек.

Қорытынды

Қазіргі кезде жасанды интеллект қоғамдағы технологиялық даму мен цифрлық трансформацияның маңызды элементтерінің біріне айналып отыр. Зерттеу жұмысы барысында жасанды интеллект ұғымының теориялық және құқықтық тұрғыдан бірізді анықтамасының әлі қалыптаспағаны анықталды.

Ғалымдар мен сарапшылар тарапынан әртүрлі көзқарастар мен пікірлер ұсынылғанымен, бұл ұғымға әмбебап құқықтық анықтама беру мәселесі әлі де өзекті болып отыр.

Халықаралық тәжірибелер көрсетіп отырғандай, көптеген елдерде жасанды интеллектті құқықтық тұрғыда реттеуге бағытталған алғашқы қадамдар жасалып, ұлттық стратегиялар мен заң актілері қабылдануда. Қазақстан Республикасы да бұл үдеріске белсенді қатысып, жасанды интеллектті дамыту мен заңнамалық тұрғыда бекіту жолында нақты қадамдар жасауда. 2024 жылы қабылданған «Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» мен Мәжіліске ұсынылған заң жобасы осының дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ерлан Кошанов. Применение ИИ в образовании должно быть урегулировано на уровне закона. Режим доступа : <https://liter.kz/erlan-koshanov-primenenii-ii-v-obrazovanii-dolzno-byt-uregulirovano-na-urovne-zakona-1758889869/>.

2. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>.

3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrylyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>.

4. «Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2025 жылғы 18 қыркүйек. <https://www.akorda.kz/kz/memlekettik-baskaru-zhuyesin-odan-ari-zhetildiru-zhonindegi-sharalar-turaly-1884159>.

5. Темирбулатов С.Г. Правильно ли мы осуществляем правовое регулирование внедрения искусственного интеллекта? Режим доступа: <https://online.zakon.kz/>

УДК. 343

Зулеева А.Ж., Абдихаликов А.А., Шидемов А.Г.

Қазақстан Республикасы ПМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ПРОФИЛАКТИКАСЫНЫҢ НЫСАНДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы жедел-ізвестіру профилактикасының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері қарастырылады. Жедел-ізвестіру профилактикасының жалпы және жеке түрлерінің мазмұны, оларды жүзеге асыру қағидаттары мен ерекшеліктері талданады. Автор жедел-ізвестіру қызметінің кәмелетке толмағандарды қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғаудағы рөлін, ведомствоаралық өзара іс-қимылдың және пәнаралық тәсілдің маңызын атап өтеді. Сонымен қатар профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар беріліп, қолданыстағы заңнаманың рөлі мен даму бағыттары айқындалады.

Кілт сөздер: кәмелетке толмағандар, қылмыстық құқық бұзушылықтар, жедел-ізвестіру профилактикасы, қылмыстың алдын алу, криминалдық полиция, ведомствоаралық өзара іс-қимыл, ұлттық қауіпсіздік.

ФОРМЫ ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНОЙ ПРОФИЛАКТИКИ, ПРИМЕНЯЕМЫЕ ПРИ ПРЕДУПРЕЖДЕНИИ ПРЕСТУПНЫХ ДЕЯНИЙ В ОТНОШЕНИИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

Аннотация. В статье рассматриваются правовые и организационные основы оперативно-розыскной профилактики преступлений, совершаемых в отношении несовершеннолетних. Анализируются содержание и особенности общей и индивидуальной оперативно-розыскной профилактики, а также принципы ее реализации. Раскрывается роль оперативно-розыскной деятельности в системе защиты прав и законных интересов несовершеннолетних, подчеркивается значение межведомственного взаимодействия и междисциплинарного подхода. Обоснована необходимость совершенствования профилактических мер и нормативно-правового регулирования в сфере предупреждения преступлений против несовершеннолетних.

Ключевые слова: несовершеннолетние, преступления, оперативно-розыскная профилактика, предупреждение преступности, криминальная полиция, межведомственное взаимодействие, правовое регулирование.

FORMS OF OPERATIONAL-SEARCH PREVENTIVE MEASURES USED IN THE PREVENTION OF CRIMINAL ACTS AGAINST MINORS

Abstract. The article examines the legal and organizational foundations of operational-search preventive activities aimed at preventing criminal offenses committed against minors. The content and specific features of general and individual operational-search prevention are analyzed, along with the principles governing their implementation. The role of operational-search activities in protecting the rights and lawful interests of minors is emphasized, as well as the importance of interagency cooperation and an interdisciplinary approach. The article substantiates the need to improve preventive measures and legal regulation in the field of crime prevention against minors.

Key words: minors, criminal offenses, operational-search prevention, crime prevention, criminal police, interagency cooperation, legal regulation.

Кіріспе

Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жедел-ізвестіру профилактикасы қылмыс жасау қаупі бар тұлғалар мен криминогендік жағдайлар туралы жедел ақпаратқа негізделеді. Оның ерекшелігі жалпы және жеке профилактика түрлерінің қолданылуымен, сондай-ақ жедел мәліметтерді іске асыру тактикасымен айқындалады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмысы кешенділік, тұлғаға бағытталған тәсіл, топтық және жеке жұмыс нысандарын үйлестіру, сондай-ақ жастарды профилактикалық қызметке тарту қағидаттарына сүйенуі тиіс.

А.Н. Литвинов пен Т.С. Гавриндердің пікірінше, қылмыстылықтың алдын алу – қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасу кезеңінде оның аяқталуына жол бермеуге бағытталған экономикалық, саяси, тәрбиелік, құқықтық және өзге де шаралар кешені болып табылады [1, 69 б.].

Балалардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық қол сұғушылықтардан қорғау отбасы, мемлекет және азаматтық қоғамның күш-жігерін біріктіруді талап ететін ұлттық қауіпсіздіктің басым бағыттарының бірі. Осы санаттағы құқық бұзушылықтардың алдын алу тиімділігі кәмелетке толмағандарға кешенді әсер етуге, тәуекел тобына жататын тұлғаларды уақтылы анықтауға және ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге байланысты [2, 88 б.].

Әдістемесі мен әдістемелік негізін

Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жедел-ізвестіру профилактикасы кешенді, жүйелі және көпқырлы тәсілмен жүзеге

асырылады. Оның әдістемесі жалпы және жеке профилактика шараларын біріктіре отырып, құқықтық, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және криминологиялық негіздерге сүйенеді. Жалпы профилактика аясында бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-ресурстар, арнайы брошюралар мен бейнероликтер арқылы көмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттандыру жүргізіледі, қоғамда құқықтық сананы қалыптастыруға, балалар мен жастардың құқық бұзушылыққа бейімділігін төмендетуге бағытталған әлеуметтік, экономикалық және тәрбиелік шаралар қолданылады.

Жеке профилактика жеке тұлғаларға бағытталған, яғни жедел қызығушылық танытатын тұлғаларды анықтау, профилактикалық есепке алу және оларға арнайы ықпал жасау арқылы жүзеге асырылады. Мұндай тұлғаларға бас бостандығынан босатылғандар, педофилдер, нашақорлар, спирттік ішімдіктерге салынғандар, әлеуметтік қауіпті психикалық аурулары бар адамдар және тұрақты тұрғылықты жері жоқ тұлғалар жатады. Оларға профилактикалық әңгімелесу, құқыққа қарсы мінез-құлыққа ескерту, мінез-құлыққа ерекше талаптар белгілеу, медициналық және әкімшілік шаралар қолдану, сондай-ақ жедел-профилактикалық бақылау арқылы заңды және жасырын ықпал ету қарастырылады. Бұл шаралар тұлғаның құқықтық санасына және мінез-құлқына жүйелі, мақсатты әсер етуге бағытталған және олардың қылмыстық ниеттерінен бас тартуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

Криминалдық полиция бөлімшелерінің жедел-ізвестіру профилактикалық қызметі жалпы және жеке профилактикалық шараларды қамтиды. Жалпы жедел-ізвестіру профилактикасы көмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың жасалуына ықпал ететін криминогендік факторларды анықтау және оларды жоюға бағытталған қызмет ретінде қарастырылады. Бұл қызмет екі негізгі аспектіден тұрады: қылмысқа ықпал ететін жағдайларды анықтау және оларды бейтараптандыру. Алайда барлық факторларды толық жою мүмкін болмағандықтан, олар жедел-ізвестіру қызметінде ескерілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңына сәйкес, құқық бұзушылықтардың жалпы профилактикасы әлеуметтік әлсіз топтарды қорғау, басқарушылық және ұйымдастырушылық кемшіліктерді жою, құқықтық және адамгершілік мәдениетті арттыру, сондай-ақ ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады [3].

ПО криминалдық полиция бөлімшелері жалпы жедел-ізвестіру профилактикасын криминогендік факторларды анықтаудан бастайды. Бұл қызмет аналитикалық жұмыс, мақсатты жедел-профилактикалық іс-шаралар және қылмыстарды ашу барысында жүзеге асырылады. Қызмет барысында маскүнемдік, қаңғыбастық, жезөкшелік сияқты қылмыстылықпен тығыз байланысты құбылыстарға ерекше назар аударылады.

Қылмыстардың алдын алу үшін жасырын күштер мен құралдарды пайдалану маңызды рөл атқарады. Алынған барлық ақпарат тексеріліп, бағаланып, қылмыстың себептері мен жағдайларын жоюдағы нақты мүмкіндіктер айқындалады. Маңызды ақпарат көздеріне жедел жағдайды талдау материалдары, қылмыстық істер, әкімшілік деректер, азаматтардың арыз-шағымдары, БАҚ мәліметтері және жедел жолмен алынған ақпарат жатады.

Көмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың алдын алу саласындағы криминалдық полицияның негізгі міндеттері қылмысқа ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, қылмысқа дайындалып жатқан тұлғаларды әшкерелеу, құқыққа қарсы әрекеттерді құжаттау, басқа бөлімшелермен бірлесіп алдын алу шараларын жүргізу, көмелетке толмағандарды қылмысқа тартатын тұлғаларды анықтау және жасөспірімдердің қылмыс құрбанына айналуын болдырмауға бағытталған жедел-ізвестіру жұмысын жүзеге асыру болып табылады.

Аталған қылмыстардың алдын алу жұмысының тиімділігі белгілі бір аумақтағы (мемлекет, облыс, қала, аудан) қылмыстылықтың құрылымы, деңгейі және даму үрдістерімен айқындалады. Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру профилактикалық қызметінің нәтижелері қылмыстылық құрылымындағы ауыр қылмыстардың динамикасы,

қылмысқа дайындалу немесе оқталу кезеңінде тоқтатылған қылмыстардың саны, кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған қылмыстардың деңгейі мен құрылымы, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың көрсеткіштері бойынша бағаланады.

Құқық қорғау қызметі тек ведомстволық шаралармен шектелмей, көші-қонды реттеу, әлеуметтік бейімделу процестерін басқару, қала инфрақұрылымын дамытуға қатысу және азаматтарды қоғамдық тәртіпті қорғауға тарту сияқты кең ауқымды қоғамдық міндеттерді де қамтиды. Жалпы профилактикалық жұмыстың мақсаты тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін экономикалық, әлеуметтік, тәрбиелік және құқықтық шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте виктимологиялық ескерту жалпы қылмыстардың алдын алумен тығыз байланысты болып, әлеуетті құрбандардың виктимділігін төмендетуге және қылмыскердің құқыққа қарсы әрекеттерін болдырмауға бағытталады [4, 207 б.].

Кәмелетке толмағандардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігі мен қажетті білімінің болмауы оларды жиі қауіпті жағдайларға ұрындырып, заңсыз әрекеттерге қарсы тұру қабілетін әлсіретеді. Оларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттерді құрдастары да, ересек құқық бұзушылар да жасай алады. Осыған байланысты кәмелетке толмағандар арасында мақсатты профилактикалық жұмыс жүргізу қажет, оның негізгі бағыттары: құқық бұзушылық жағдайындағы іс-қимыл алгоритмдерін қалыптастыру, заңға бағынатын мінез-құлықты дамыту және девиантты мінез-құлықтан бас тартуға ықпал ету.

Қауіпсіз мінез-құлықтың негізі отбасында қалануы тиіс болғанымен, бұл бағыттағы жүйелі әрі кәсіби жұмыс педагогика және психология саласында даярлығы бар мамандар тарапынан білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуы қажет.

Кәмелетке толмағандармен профилактикалық жұмыс кешенді сипатта жүргізіліп, білім алушылармен ақпараттық-ағарту және интерактивті жұмыс, қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыру, сондай-ақ жеке профилактиканы қамтуы тиіс. Ата-аналармен жұмыс та маңызды бағыт болып табылады және оларды құқықтық жауапкершілік, интернеттегі қауіптер, отбасының тәрбиелік рөлі туралы хабардар етуге, сондай-ақ интерактивті кездесулер мен тренингтер өткізуге бағытталуы қажет.

Жалпы ұйымдастырушылық шаралар шеңберінде кәмелетке толмағандардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, білім беру ұйымдары мен құқық қорғау органдары арасында жедел ақпарат алмасу, оқушылар ортасындағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды мониторингтеу және жастар субмәдениеттері туралы мәліметтер базасын қалыптастыру көзделеді.

Жалпы білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтардың алдын алу кезең-кезеңмен (диагностика, жалпы профилактика, жеке профилактика және мониторинг) жүзеге асырылып, аналитикалық, ақпараттық, психологиялық және ұйымдастырушылық бағыттарды қамтуы тиіс. Мұндай жүйелі әрі сатылы жұмыс кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтарға тиімді қарсы тұрудың маңызды шарты болып табылады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы жедел-ізвестіру профилактикасы тек қылмысты алдын алумен шектелмей, қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси және рухани тұрақтылығын қамтамасыз етуге, адамгершілік–психологиялық қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған. Практика көрсеткендей, кейбір құқық бұзушылықтар жәбірленушілердің құқықтық сауатсыздығы немесе баланың жеке қауіпсіздік шараларын білмеуі салдарынан орын алады. Сондықтан тиімді профилактикалық шараларға кәмелетке толмағандарға құқықтық тәрбие беру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық сауаттылықты арттыру және қауіпсіздік қағидаттарын үйрету жатады.

Алғашқы кезекте профилактикалық жұмыс оқыту және өмірлік дағдыларды қалыптастыру арқылы жүргізілуі тиіс. Бұл мектепке, әсіресе жоғары тәуекел топқа кіретін балаларға, балабақшалар мен мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелеріне қатысу арқылы жүзеге асады. Балаларға жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғану жолдары, қауіпсіз мінез-құлық дағдылары мен әлеуметтік қабілеттерді дамыту маңызды. Осы тұрғыда зорлық-зомбылықты алдын алу үшін бірыңғай мақсатты және стратегиялық көзқарастың болуы

кажет. Мысал ретінде 2020 жылы Еуропалық Одақта қабылданған балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықпен күрес стратегиясын келтіруге болады.

Қылмыстарды алдын алу бойынша ішкі істер органдарының негізгі субъектілері – криминалды полиция бөлімдері, қоғамдық қауіпсіздік қызметтері және тергеу бөлімдері болып табылады. Ал жедел-ізвестіру профилактикасының тікелей жүзеге асырушылары – криминалды полиция бөлімдерінің жедел уәкілдері. Аталған бөлімшелердің негізгі шаралары:

- азаматтардың, соның ішінде балалардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- криминогенді жағдайларды талдау арқылы қылмыстың алдын алу;
- қылмысқа дайындалып жатқан тұлғалар туралы жедел ақпарат жинау;
- күдікті тұлғалардың қылмыстық әрекеттерін іске асыруына жол бермеу.

Жалпы қылмыстылықты алдын алу әлеуметтік сақтандыру саласындағы шараларды да қамтиды:

- Әлеуметтік база нығайту: әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін іске асыру;
- Заңға баулу: халық арасында заңдарды насихаттау, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін арттыру;

Әлеуметтік-құқықтық белсенділік: азаматтарды құқық тәртібін сақтау ісіне тарту, жәбірленушілер мен куәларды қорғау, заңдылықты сақтау бойынша белсенділерге әлеуметтік қолдау көрсету.

Құқықтық тәрбие – азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені. Н.И. Матузов құқықтық тәрбиені мемлекеттің, қоғамдық құрылымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының және еңбек ұжымдарының азаматтардың жоғары құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мақсатты әрекеттері деп сипаттайды [5, 175 б.].

Құқықтық тәрбиенің басты мақсаты – жеке тұлғаның құқықтық қасиеттерін дамыту. Оның негізгі бағыттары:

- азаматта құқықты дұрыс сезіну және прогрессивті заңи дүниетануды қалыптастыру;
- өз құқықтары мен мүмкіндіктерін білу және қорғау қабілеті бар әлеуметтік белсенді тұлға тәрбиелеу;
- әділетсіздік пен заңсыздыққа қарсы, құқық бұзушылықтарды болдырмауға бағытталған жоғары өнегелі жеке тұлға қалыптастыру [5, 198 б.].

Құқықтық тәрбиенің қызметтері үш бағытта көрініс табады:

- Заң білімдерін және құқықтық ақпараттану деңгейін кеңейту;
- Жеке тұлғаның диспозициялық құрылымының құндылықты-нормативті ядросын қалыптастыру, құқықтық сананың мінез-құлықтық компонентін дамыту, құқықтық құндылықтарды меңгерту;
- Құқыққа сай мінез-құлықты, құқықтық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету.

Жеке тұлғаның құқықтық санасының қалыптасуы – өмір бойы жалғасатын ұзақ процесс. Әр даму кезеңінде жеке тұлға белгілі бір құқықтық білім мен тәжірибе алады, оны жетілдіреді. Құқықтық тәрбиенің негізгі міндеті – жеке тұлғаның құндылықты-құқықтық қасиеттерін дамыту, олардың құқықтық санасы мен мінез-құлықтық компонентін қалыптастыру болып табылады.

Жеке тұлғаның құқықтық санасының қалыптасуы – өмір бойы жалғасатын ұзақ процесс, оған әртүрлі факторлар әсер етеді. Әр даму кезеңінде жеке тұлға белгілі құқықтық білім мен тәжірибеге ие болып, оны жетілдіреді. Құқықтық тәрбиенің негізгі міндеті – жеке тұлғаның құндылықты-құқықтық қасиеттерін дамыту, яғни оның құқықтық санасы мен мінез-құлықтық компонентін қалыптастыру.

Тәжірибелік тұрғыда құқықтық тәрбиелеу келесі талаптарға сәйкес жүргізілуі керек:

- жеке тұлғаның құрылымының тұрақтылығы;
- мемлекеттік-құқықтық ақиқатты көрсету;
- құқықтық әрекет ету саласындағы әлеуметтік құндылықты анықтау;
- құқықтық мазмұнның әрі қарай дамуына қажетті ішкі талаптарды қалыптастыру.

Н.И. Тюрина бойынша жеке тұлғаның құқықтық қасиеттері: жауапкершілік, құқықпен ниеттестік, әділеттілік, заңдылық, құқықтық парыз және заңды сыйлау сезімдері [6, 89 б.]. Жауапкершілік – жеке тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне саналы қатынасы, ал құқықтық парыз – құқықтық құралдардың маңызын түсіну және қоғамдық мүдделерді қамтамасыз ету қабілеті.

Құқықтық сана мен құқықтық тәрбиенің байланысы анық, бірақ қатаң емес. Құқықтық сананың құрылымын жасанды түрде өзгерту мүмкіндігі шектеулі; құқықтық мәдениет өзін-өзі қамтамасыз ететін құқыққа сай мінез-құлыққа жағдай жасауы тиіс.

Өз бетімен білім алу құқықтық білім мен дағдыларды игеру процесін екі аспектіде қарастырады:

- Теориялық – заңнаманы оқу, құқықтық білімді жетілдіру;
- Практикалық – құқықтық ұстанымдарды қолдану және сақтауға қатысу.

Құқықтық оқыту мектеп, колледж, лицей және жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады және құқықтық әлеуметтенудің маңызды элементі болып табылады. Қазақстанда құқықтық оқытудың жүйелі сипаты жоқ, мемлекеттегі құқықтық позициялар анықталған емес, оқытуға қатысты қатынастар үнемі өзгеріп отырады. «Білім туралы» Заңға сәйкес, жалпы білім беру мектебі – бастауыш, негізгі және жоғары деңгейлерден тұратын, негізгі және қосымша бағдарламаларды жүзеге асыратын оқу мекемесі [7]. Мектеп балалардың кәсіби өзін-өзі анықтау, азаматтық өнеге, физикалық және интеллектуалды дамуын қамтамасыз ететін жетекші институт болып табылады.

Құқықтық тәрбиелеу кешенді сипатқа ие болуы тиіс, теоретикалық (заңи, педагогикалық) және тәжірибелік тәжірибені есепке алып, жеке тұлға мен қоғамның құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы керек. Кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеу қоғам мен мемлекет тарапынан жауапкершілікті талап етеді. Ол формальды емес, қызықты, жастардың қызығушылығына бағытталған болуы қажет. Заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану құқықтық тәрбиенің тиімділігін арттырады [8, 193 б.].

Құқықтық мәдениеттің деңгейі заңдардың қабылдануынан емес, олардың орындалуынан көрінеді. Адамдардың, заңдардың және нормативтік құқықтық актілердің қадірлеу сезімі болуы қажет, себебі құқықтық нормалар оны түсініп, ұстанған жағдайда ғана нәтиже береді. Құқықтық тәрбие – ұзақ әрі күрделі процесс, оны бала кезден бастау керек.

Қылмысқа бейім жағдайлар мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың кемшіліктерінен туындайды. Сондықтан азаматтарды, соның ішінде кәмелетке толмағандарды, заң сыйлауға тәрбиелеу қарқынды жүргізілуі тиіс. Бұл үшін: заңды насихаттау, құқықтық оқыту, құқықтық сауат беру, құқық қорғау органдарымен сұхбаттар және заң практикасының тәрбиелік ықпалын пайдалану қажет.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстарды алдын алу қағидалары: сендіру мен мәжбүрлеуді үйлестіру, қылмыстық факторлардың ықпалын шектеу, өмір сүру және даму шарттарын жақсарту, бастапқы алдын алу. Ең маңызды қағида – қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алу және құқық бұзушылықтарға қарсы тұруда кешенді, жүйелі және тұтас әрекет ету.

Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету көп субъектілі күш-жігерді талап етеді: әлеуметтік, құқықтық, психологиялық, педагогикалық және медициналық көмек; жас ерекшелігі, даму деңгейі мен психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес шараларды ұйымдастыру; қажет шарттарды біріктіру.

Жедел бөлімшелердің қызметі: қылмыстарды анықтау, ашу, алдын алу және жолын кесу. Полиция қызметкерлерінің тәрбиелік және құқық қорғау жұмысы тұлғаның теріс әлеуметтенуін алдын алуға, күдікті тұлғалардың қоғамға жат әрекеттерін болдырмауға бағытталуы тиіс. Анықталған қателіктер мен заңға жат әрекеттерге қарсы шаралар қабылдау – негізгі міндет болып табылады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы жедел-ізвестіру профилактикасы – қылмыстылыққа ықпал ететін детерминациялық

және себептілік процестерді анықтау, жою және алдын алу шаралары жүйесі. Бұл шараларды жүзеге асыру барысында қылмыстарға жол ашатын себептер мен жағдайларды анықтау, олардың алдын алу, сондай-ақ қылмыстық ниеті бар тұлғаларды уақытында анықтап, құқықтық әсер ету құралдарын қолдану қажет.

Жедел-ізвестіру профилактикасының аясында жүргізілетін негізгі іс-шаралар:

Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып профилактикалық жұмыс жүргізу:

- ата-аналар, педагогтар мен кәмелетке толмағандар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, олардың құқықтары мен міндеттерін, заңнаманы сақтау қажеттілігін және бұзған жағдайда туындайтын құқықтық салдарды түсіндіру;

- арнайы брошюралар, бейнероликтер арқылы балалар мен ересектерді құқықтық актілермен таныстыру;

- ғаламтор-ресурстарда жасөспірімдерге қарсы қылмыстың ағымдағы жағдайы, кең таралған түрлері, жасалу тәсілдері және қылмысқа бейім адамдар туралы ақпарат жариялау.

Кәмелетке толмағандардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- балаларға қылмыс фактілері туралы хабарламаларды жіберуге арналған мекенжайлар мен байланыс құралдары туралы ақпарат беру;

- іс-әрекет алгоритмін тәжірибелік тұрғыда дамыту үшін симуляциялық тренингтер өткізу.

- Отбасы мен баланы қолдау арқылы мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүзеге асыру:

- уақытылы әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық көмек көрсету (психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, медициналық-педагогикалық мамандар);

- балалардың оң мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық және тәрбиелік шараларды іске асыру.

Жыныстық қол сұғылмаушылық мәселелерін алдын алу, ең алдымен, баланың өз жанұясында қалыптасуы тиіс. Ата-аналар мен қорғаушыларға ұсынылатын негізгі шаралар:

- балаға өздігінен қауіпсіз мінез-құлық ережелерін түсіндіру;

- көшеге жалғыз жібермеу және қауіпті жағдайларда әрекет ету жолдарын үйрету;

- интернет пен медиа ресурстарда бақылау жүргізу, зиянды контенттен қорғау;

- балаға бөгде адамдарға жеке мәліметтерін бермеуді ескертуді жүйелі түрде жүргізу;

- баланың достарымен және олардың ата-аналарымен байланысын бақылау және қолдау;

- баланың қауіп-қатерге ұшыраған жағдайда сенімді көмек алуын қамтамасыз ету.

Қоғамның жалпы азаматтары да балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бөтен балаға қауіп төнген жағдайда араласу, оны қорғауға көмектесу – профилактиканың маңызды элементі болып табылады.

Жеке жедел-ізвестіру профилактикасы – құқық бұзушылық жасау ықтималдығы жоғары адамдарға жеке деңгейде ықпал ету арқылы қылмыстың алдын алу шаралары. Бұл адамның ортасына, жеке бас ерекшеліктеріне және оның ортадағы өзара әрекеттестігіне бағытталады. Криминалды полиция бөлімшелері аталған профилактикалық шараларды жүзеге асыра отырып, қылмыстық әрекетке бейім адамдарды анықтау, есепке алу және бақылау жүргізеді. Әрбір кезең – қылмыстық әрекетке бейім тұлғаларды уақытында анықтау және профилактикалық ықпал жасау.

Жедел қызығушылық танытатын тұлғаларға мыналар жатады: бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар, педофилдер, тұрақты тұрғылықты жері жоқ тұлғалар, спирт ішімдіктеріне салынғандар, отбасы-тұрмыстық қатынастарда құқық бұзушылар, нашакорлар, әлеуметтік қауіпті психикалық аурулармен тіркелгендер. Оларға профилактикалық әсер етудің негізгі мақсаттары: нақты қылмыс жасаудан бас тартқызу, қылмыстық әрекетті тоқтату және заңнамалық жауапкершілікке тарту болып табылады.

Жеке жедел-ізвестіру профилактикасы жария (профилактикалық әңгімеге шақыру, ескерту, мінез-құлықты бақылау) және жасырын (құпиялы көмекшілер арқылы әсер ету,

қылмыстық ниеттен бас тартуға итермелеу) түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Қылмыскерлікке бейім тұлғаларды анықтау үшін оларға тән мінез-құлық ерекшеліктері ескеріледі: қылмыс жасауға қызығушылық, бұрын сотталғандармен байланыс, қылмысқа қажетті құралдардың болуы, тұрақты табыс көзінің жоқтығы және құқық бұзушылықтарға қатысы.

Жеке профилактикалық шаралар жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін зерттеп, олардың қылмыстық әрекеттерге бейімділігін төмендетуге бағытталады. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңына сәйкес профилактикалық шараларға: профилактикалық әңгімелесу, қорғау нұсқамасы, медициналық мәжбүрлеу, мінез-құлыққа ерекше талаптар белгілеу, профилактикалық есепке алу мен бақылау, әкімшілік немесе соттық шаралар, жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу жатады [10].

Профилактикалық әңгімелесудің міндеттері: құқыққа қарсы мінез-құлықтың себептерін анықтау, құқықтық және әлеуметтік салдарын түсіндіру, заңға мойынсынуға сендіру. Әңгімелесу кәмелетке толмаған адаммен ата-анасы, педагогтары немесе заңды өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі. Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу оның құқықтары мен міндеттерін шектеуге және профилактикалық бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жедел-профилактикалық бақылау – бақылаудағы тұлғалардың жүріс-тұрысын қадағалау, қылмысқа бейім адамдарды зерттеу және оларға профилактикалық ықпал жасау шараларының кешені. Бақылау тікелей (ПО қызметкерлерімен) және жанама (қоғам, жұмыс орны, туыстар, құпия көмекшілер) түрде жүргізіледі. Жеке тәрбиелік шаралар әр тұлғаның ерекшелігіне байланысты ұйымдастырылады: жедел уәкілдердің әңгімелері, құқық қорғау және қоғам өкілдерінің ықпалы, әлеуметтік және медициналық қолдау, теріс әсер ететін факторларды жою.

ПО жедел аппараттарының профилактикалық жұмысы үш деңгейде жүзеге асады:

- құқық қорғау функцияларын атқаратын мемлекеттік және қоғамдық органдар;
- жедел-іздістіру қызметін ұйымдастыратын ПО криминалдық полиция бөлімшелері;
- жеке профилактиканы жүзеге асыратын субъектілер (жедел құрам, құпия көмекшілер, штаттан тыс қызметкерлер).

Жедел-іздістіру профилактикасының негізгі мақсаты – кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылыққа ықпал ететін факторларды жою, қылмыс жасауға бейім тұлғаларды анықтау, есепке алу және жедел-профилактикалық бақылау жүргізу арқылы олардың қылмыстық әрекетке бармауын қамтамасыз ету. Бұл шаралар жеке, әлеуметтік, құқықтық, тәрбиелік және экономикалық шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Литвинов А.Н., Гаврин Т.С. Профилактика преступлений. От теории к практике. Научно-практическое пособие. – М.: ИКФ «ЭКМОС», 2003 г. – 160 с.
2. Дильбарханова Ж.Р. Современные проблемы предупреждения преступлений в сфере семейно-бытовых отношений // Кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл: мәселелері мен шешу жолдары: халықар. ғыл.-тәж. конф. мат.-ры (19.05 2021 ж.) = Противостояние правонарушениям в отношении несовершеннолетних: проблемы и пути решения: мат. Межд. науч.-практ. конф. (19.05 2021 г.). – Алматы: ҚР ИМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖРБЖҰБ, 2021. – 250 б. Б. 88-90
3. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000271>
4. Отарбаева А.Б. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын алудағы виктимологиялық мониторинг // Актуальные проблемы применения уголовного законодательства Республики Казахстан на современном этапе: вопросы теории и практики: мат.-лы междунар. науч.-практич. конф. – Алматы: ООНИиРИП Алматинской академии МВД

Республики Казахстан им.М.Есболатова, 2018. – 345 с. Б. 206-208

5. Матузов Н.И. Правосознание и правовая культура. – М., – 252 с.

6. Тюрина Н.И. Правомерное поведение как объект юридического исследования// Дис. ... к.ю.н. – Саратов, 2003. – 119 с.

7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы // [Электрондық ресурс]. - URL://<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>_

8. Садвакасова Ж.К. Кәмелетке толмағандарды заманауи талаптарда құқықтық тәрбиелеудің өзекті мәселелері // Кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл: мәселелері мен шешу жолдары: халықар. ғыл.-тәж. конф. мат-ры (19.05 2021 ж.) = Противодействие правонарушениям в отношении несовершеннолетних: проблемы и пути решения: мат. Межд. науч.-практ. конф. (19.05 2021 г.). – Алматы: ҚР ИМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ҒЗЖРБЖҰБ, 2021. – 250 б. Б. 192-194.

9. Молдабаев С.С. Субъект преступления по уголовному праву Республики Казахстан / С.С. Молдабаев, С.М. Рахметов. – Алматы: Данекер, 2001, - 72 с.

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР:

Айнагүл Жанылбековна Зулеева - Қазақстан Республикасы ИМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті полиция полковнигі, философия докторы (PhD). Алматы қ. Қазақстан Республикасы, E-mail: ainagul.z@mail.ru тел.: +7-701-751-77-28

Абзал Абдисаттарович Абдихаликов - Қазақстан Республикасы ИМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының ғалым хатшысы, полиция полковнигі, философия докторы (PhD). Алматы қаласы, Өтепова көшесі №29. E-mail: Abdikhalikov@mail.ru. тел.: +7-707-733-21-33 ORCID ID 0009000186434060.

Азамат Гарифуллаевич Шидемов - Қазақстан Республикасы ИМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы Жедел-іздігіру қызметі кафедрасының бастығы полиция подполковнигі, философия докторы (PhD). Алматы қ. Қазақстан Республикасы, E-mail: Sh_azem@mail.ru. тел.: +7-701-251-52-22

УДК. 343

Зулеева А.Ж., Ушуров К.Т., Шидемов А.Г.

Қазақстан Республикасы ИМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ-ІЗДІГІРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы жедел-іздігіру профилактикасының құқықтық негіздері қарастырылады. Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған халықаралық және ұлттық нормативтік құқықтық актілерге кешенді талдау жүргізіледі. Жедел-іздігіру қызметінің орны мен рөлі, оның қағидаттары, субъектілері мен қолдану тетіктері ашып көрсетіледі. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесін жетілдіру және жедел қызметкерлердің кәсіби даярлығы мәселелеріне ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижелері құқық қорғау органдарының практикалық қызметінде қолдануға бағытталған ұсыныстарды қамтиды.

Кілт сөздер: кәмелетке толмағандар, қылмыстық құқық бұзушылық, жедел-іздістіру профилактикасы, бала құқықтары, құқықтық негіз, ақпараттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары.

ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ПРОФИЛАКТИКИ ПРЕСТУПНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ В ОТНОШЕНИИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ И ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ

Аннотация. В статье рассматриваются правовые основы оперативно-розыскной профилактики преступных правонарушений, совершаемых в отношении несовершеннолетних. Проведен комплексный анализ международных и национальных нормативных правовых актов Республики Казахстан, направленных на защиту прав и законных интересов детей. Раскрываются место и роль оперативно-розыскной деятельности, ее принципы, субъекты и механизмы реализации. Особое внимание уделяется вопросам обеспечения информационной безопасности несовершеннолетних, совершенствования системы профилактики правонарушений, а также профессиональной подготовки сотрудников оперативных подразделений. Результаты исследования ориентированы на практическое применение в деятельности правоохранительных органов.

Ключевые слова: несовершеннолетние, преступные правонарушения, оперативно-розыскная профилактика, права ребенка, правовые основы, информационная безопасность, органы внутренних дел.

LEGAL FRAMEWORK FOR THE PREVENTION OF CRIMINAL OFFENSES AGAINST MINORS AND THE IMPLEMENTATION OF OPERATIONAL-SEARCH MEASURES

Abstract. The article examines the legal foundations of operational-search prevention of criminal offenses committed against minors. A comprehensive analysis of international and national legal acts of the Republic of Kazakhstan aimed at protecting the rights and legitimate interests of children is conducted. The role and significance of operational-search activity, its principles, subjects, and mechanisms of implementation are revealed. Special attention is paid to ensuring the information security of minors, improving the crime prevention system, and enhancing the professional training of operational officers. The research findings are intended for practical application in the activities of law enforcement agencies.

Key words: minors, criminal offenses, operational-search prevention, children's rights, legal framework, information security, law enforcement agencies.

Кіріспе

Біздің мемлекетімізде бала құқығын сақтауға қатысты көптеген халықаралық келісімдер мен конвенцияларға қосылып, бірқатар ұлттық құқықтық актілер қабылдады. Қазақстан Республикасында баланы қорғау жүйесінің жұмысын реттейтін халықаралық нормалардың ережелерін іске асыру шеңберінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер заңнамалық деңгейде жұмыс істейді, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге арналған органдар мен құқықтық институттар жүйесі бар.

Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарының алдын-алу мен іс-шаралардың жоғарыда көрсетілген түрлерінен басқа, мемлекет өз кезегінде балалар құқығын қорғайтын заңдарға қосымша өзгертулер мен түзету енгізуді қарастырды.

Өзінің жас шамасына байланысты балалар күшейтілген қорғауды және қамқорлықты қажет ететіндіктен, Республика Конституциясы кәмелетке толмағандардың толыққанды және үйлесімді дамуына қажетті барлық жағдайды жасау және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін құқыққа теріс қол сұғушылықтан және әр түрлі жайсыз факторлардың ықпалынан, оның ішінде денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін

ақпараттан қорғау міндетін мемлекетке жүктейді.

Әдістемесі мен әдістемелік негізін мақаланың әдістемелік негізін кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу саласындағы жедел-ізвестіру қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың теориялық және қолданбалы аспектілерін кешенді зерделеуге мүмкіндік беретін жалпығылыми және арнайы ғылыми әдістердің жиынтығы құрайды.

Мақаланы жазу барысында диалектикалық әдіс қолданылып, ол қылмыстылықтың әлеуметтік-құқықтық табиғатын, кәмелетке толмағандардың виктимдік мінез-құлқының себептері мен шарттарын, сондай-ақ жедел-ізвестіру профилактикасының дамуын өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік берді.

Жалпығылыми әдістерден талдау және синтез, индукция және дедукция, жүйелік-құрылымдық әдіс кеңінен пайдаланылды. Аталған әдістер жедел-ізвестіру профилактикасының құқықтық негіздерін, субъектілерін, нысандары мен құралдарын біртұтас жүйе ретінде қарастыруға және олардың өзара байланысын анықтауға ықпал етті.

Негізгі бөлім

Мемлекет тарапынан кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау шаралары жетілдірілуде. Кәмелетке толмағандар саудасы, оларды жезөкшелікпен айналысуға тарту, сондай-ақ балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығын бұзғаны үшін жауаптылық күшейтіліп, жеңілдік жаса тағайындау және шартты түрде мерзімінен бұрын босату алынып тасталды. Педофилия үшін сотталғандардың жазасын қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде ғана өтеу нормасы енгізілді. Осындай тұлғалар жазасын өтеп, босап шыққаннан кейін полиция оларды оларды әкімшілік қадағалауға алатын болды.

Үкілетті органдар балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың жасырын фактілерін, сондай-ақ Интернетті пайдаланатын педофилдерді анықтау бойынша тиісті жұмысты жүргізіп жатыр. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беретін мекемелері қауіпсіздік жүйесімен (бейнебақылау, дабыл батырмасы, өртке қарсы жүйе, күзет) қамтамасыз етілуде.

Ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру профилактикасын жүргізу бойынша жұмыстары жедел-ізвестіру органның ерекше қызметі болып табылады. Оның ерекшелігі келесіде: оның нормативтік құқықтық мінездемесінде, құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттестігінде, қолданылатын әдістер мен тәсілдердің кешенділігінде, көп мақсатты бағыттарының болуында және т.б. Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігі барлық құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бар қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік және жедел-ізвестіру іс-шараларын қолдана отырып, кәсіби сауатты, білікті, жақсы ұйымдастырылған өзара іс-қимылы кезінде барлық күштер мен құралдарды кешенді пайдалану арқылы ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Қылмысқа қарсы іс-қимылдың, соның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстылықпен күрестің құқықтық негізі болып табылатын нормативтік құқықтық реттеуді жетілдіру маңызды рөл атқарады.

Қылмыскерлер өздерінің заңсыз әрекеттерін мұқият жасырып, ол үшін түрлі күрделі тәсілдерді қолданады. Осындай әрекеттерді анықтау және қылмыскерлерді әшкерелеуде жедел-ізвестіру қызметі өте қажет болады. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың ішінде қылмысқа қарсы күресте криминалдық полицияның жедел бөлімшелерінің маңызы зор.

Жедел-ізвестірудегі профилактикалаудың қылмыстық-құқықтық тыйым салынған тәртіпті бұзушылық мүмкіндігін ескерту мақсатында әлеуметтік объектілерге әсер етуші органдар; ұйымдар мен мекемелер үшін күрделі де көп қырлы қызмет жүйесі болып саналады. Профилактика жүйесін оны жүзеге асыратын субъектілерден және осы қызмет бағытталған объектілерден құралады. Бұл жүйе әлеуметтік болып танылады, ал кез келген әлеуметтік жүйе қызмет ету және даму процестерін басынан кешіреді.

Жүйенің, оның жекелеген субъектілерінің алдын алу шараларының мақсатты бағыты – қылмыстық-құқықтық тыйым салушылықты бұзушылыққа итермелейтін криминогендік

жағдайлардың шиеленісіп, өршуіне жол бермеуге болып табылады. Ал егер қылмыс бола қалған жағдайда жүйенің міндеті – осы қылмыс қайталанбас үшін оның себептерін бейтараптандырып, алдын алу-тәрбиелік шараларды жүзеге асыру. Сөйтіп, қылмыстың алдын алу жүйесі реттеуші, қорғаушы және тәрбиелік қызметтерді атқарады.

Жедел-ізвестірудегі профилактикалаудағы реттеуші қызмет заң талаптары шеңберінде пайда болған қайшылықтар мен шиеленістерді шешуге мүмкіндік тудыратын жағдай жасаудан құралады. Бұл жағдайдағы ескерту қызметі заңның үстінен қараушылық қағидасын қамтамасыз етеді. Қорғаушылық қызметін орындай отырып жедел-ізвестіру профилактикасы азаматтардың бостандықтары мен құқықтырының бұзылуынан сақтайды, әлеуметтік құндылықтарды сақтайды. Осымен қылмысты ескертудің гуманистік бағыты байқалады. Құқықтық мемлекеттің мақсаты да осы болып саналады. Профилактикалық шаралардың тәрбиелік қызметі адамдарды көндіру; олардың мінез-құлқын түзеу, олардың қылықтарын құқық пен гуманистік мораль талаптарына сәйкестендіруді көздейді.

Жедел-ізвестірудегі профилактикалаудың тиімді жүргізілуі қоғамда адамдардың өмір деңгейінің бірден-бір көрсеткішін құрайды. Әлеуметтік қызметтің осы түрі неғұрлым нәтижелі болса, соғұрлым адамдар қылмыстық қол сұғушылықтан қорғалған болады. Сөйтіп, қылмыстың жедел-ізвестіру профилактикасы – кез келген нағыз гуманистік және құқықтық мемлекеттің құрамдас бөлігі. Осыдан келіп туындайтыны, қылмыстың алдын алу жүйесі тек қана қызмет етуі тиіс емес, ол тұрақты түрде жетілдіріле түсуі тиіс. Мұндай жетілдіру демократиялық құқықтық мемлекет құру жалпы үрдісінің негізгі құрамы болуы тиіс.

Зерттеу тақырыбы аясында біз кәмілетке толмаған тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңнаманы қарастырайық. Қазақстан бала құқығын қорғауға қатысты негізгі халықаралық құжаттарды ратификациялаған болатын. Олар Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті (2005 жылдың 21 қарашасында), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (2005 жылдың 28 қарашасында), Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының халықаралық декларациясы, Азаптауларға қарсы конвенцияның факультативтік хаттамасын (2008 жылдың 26 маусымында) және т.б. мемлекеттің әлсіз тобының, яғни кәмілетке толмағандардың құқықтарын қорғауда және қамтамасыз етуде маңызы өте зор. Осы арада ескере кететін мәселе, бекітілген пактілер, конвенциялар, келісімдер сол күйінде немесе Қазақстан заңнамасына сәйкес қолданылады, яғни Қазақстан Республикасының Конституциясының 4 бабына сәйкес аталған халықаралық шарттар ратификацияланғандықтан, олардың республика заңдарының алдында басым күші болады, бекітілген құжатта тұжырымдалған адам құқықтары мен бостандықтары қаралған жағдайда Қазақстан Республикасының соттары тікелей қолдана алады немесе олардың нормалары Қазақстан заңнамасына сәйкестендірілуі тиіс [1].

Елімізде бала құқығын қорғауға бағытталған нормалары бар нормативтік-құқықтық актілер қабылдаған. Оларды қарастырайық, 2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Осы Заңда балалардың мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары нақты белгіленіп көрсетілген, яғни олар:

- 1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;
- 2) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;
- 3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;
- 4) балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының

дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;

5) кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету;

6) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету болып табылады [2].

Кәмелетке толмағандардың денсаулығы мен олардың дамуын, яғни нәпсіқұмарлық немесе жыныстық тиісуден қорғау мақсатында заңда балаларға арнап нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни өшпенділікті қоздыруға бағытталған, тектік-топтық ерекшелікті, соғысты, терроризмді насихаттайтын, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге және аумақтық тұтастығын бұзуға шақыру, порнография бар, балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін, сондай-ақ баланың рухани және имандылық тұрғысынан дамуына өзгеше түрде нұқсан келтіретін ойыншықтарды және ақпараттық өнімді көрсетуді, сатуды, сыйға тартуды, көбейтуді, прокаттауды және таратуды жүзеге асыруға тыйым салынатындығы (39-бап); баланы порнографиялық сипаттағы және (немесе) эротикалық мазмұндағы, баланың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін баспа басылымдарын, кино немесе бейнематериалдарды, бейнелерді, өзге де заттарды не материалдарды дайындауға, жарнамалауға, көпшілік алдында көрсетуге немесе таратуға тарту, сол сияқты оларды балаға сатуға тыйым салу көзделген (40-1 – бап). Осы нормалар «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 14-бабымен кәмелетке толмағанның эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын басылымдарды сатуына тыйым салуды белгілейтін нормамен толықтырылды [3].

Балалар құқығы туралы конституциялық кепілдіктер жалпы және арнайы сипаттағы нормативтік құқықтық актілерде жүзеге асырылуда. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңының 11-бабының 1-тармағында: «әрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуға, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және оны таратуға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ басқа да коммерциялық емес ұйымдардың нысандарына және Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар». Осы Заңда балаларды теріс ықпалды ақпараттардан қорғау мемлекеттік органдарға міндеттеледі, яғни 36-баптың 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар баланы оның денсаулығына, имандылық жағынан және рухани дамуына зиян келтіретін әлеуметтік ортаның, ақпараттың, насихат пен үгіттің теріс ықпалынан қорғауға міндетті.

Жаһандану дәуіріндегі жаңа ақпараттық технологиялардың (интернеттің, ұялы және басқа да байланыстардың, сандық технологиялардың) тез қарқынмен дамуы ең алдымен өсіп келе жатқан ұрпақтарымыздың психофизиологиялық дамуына әсер етеді.

Кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бұл тек қолданылатын тәсілдердің (әлеуметтік, құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық және т.б.) ғана емес, сонымен бірге, осы қызметке жұмылдырылатын субъектілердің санына қатысты кешенді міндет.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет арқылы теріс ықпал етуден кәмелетке толмағандардың сезімдерін қорғау – зиянкес ақпараттардан балаларды қорғау аясындағы заңнамалық реттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың арасында тыйым салынған ақпараттардың бірі – бұл кәмелетке толмағандардың алкогольдік және спирттік өнімдерді, есірткі заттары мен психотропты заттары, темекі өнімдерін тұтыну; жезөкшелікпен, қаңғыбастықпен және қайыршылықпен айналысу; өзінің денсаулығына зиян келтіру, өз-өзіне қол жұмсау ниеттерін тудыруға қабілетті мәліметтер.

Ақпараттық технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы мемлекет пен қоғам алдына мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның, сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігіне қолсұғатын жаңа қауіп-қатерлерді қояды.

Интернет желілеріне кәмелетке толмаған қолданушылар үшін қауіп-қатерлердің келесідей түрлері орналастырылған: есірткі сайттары; барлық әлемдік желі кеңістіктерінде кездесетін порнографиялық бағыттағы интернет-сайттары мен веб-сайттар; зорлық-зомбылықты, қатыгездікті және девианттық қылық нысандарын үгіттейтін интернет-порталдары; діни секталар; әлеуметтік желілер мен танысу сайттары; нәсілдік, ұлттық, діни алауыздық пен араздықты ушықтыратын сайттар, сонымен қатар, экстремизм мен терроризмнің басқа да нысандары.

Осыған байланысты өсіп келе жатқан ұрпақты жағымсыз ақпараттардан қорғауды күшейту үшін, бала құқығын қорғау мақсатында заңнаманы жетілдіру мақсатында 2018 жылдың 2 шілдесінде «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» заңы қабылданды. Бұл заңнамалық акт кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды және балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласында келесі мемлекеттік саясат бағыттары:

1) психологиялық жас ерекшеліктерін, ақпараттық ортаның теріс ықпалына осалдығын ескере отырып, мемлекеттің балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуі;

2) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік шаралардың жүйелілігі мен кешенділігі;

3) балаларды тиісінше тәрбиелеу және толыққанды дамыту мақсатында тарихи және өзге де дәстүрлерді, қоғам мен мемлекеттің мәдени құндылықтарын ескеру;

4) Қазақстан Республикасының заңдарымен балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпаратты еркін алу және тарату құқықтарын шектеуге жол беру қағидаттарына негізделеді [4].

Мемлекетімізге қауіпсіздік деңгейі жоғары құқықтық қоғам қалыптастыруда күштік құрылымдардың жұмысын бір жүйеге келтіріп, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жоспарлар құру, полицияны қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мықты құрылымға айналдыру өте маңызды. Осы ретте 2023 жылдың 19 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы (құқық бұзушылық профилактикасы саласында)» қабылданды. Тұжырымдама шеңберінде мемлекеттік органдар, әкімдіктер барлық мүдделі тараптармен және азаматтармен әріптестік орнатып, қоғамдық қауіпсіздік мәселелері бойынша есеп берудің ашық жүйесін қалыптастыру көзделуде. Тұжырымдама үш стратегиялық бағытты қамтиды. Олар: азаматтардың өмірін, денсаулығын, мүлкін қорғау деңгейін арттыру, құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімді жүйесін құру және полицияны қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заманауи тиімді ұйымға айналдыру. Сонымен қатар полиция жұмысын түрлендіру, бюрократиялық жүйеден қоғамның қажеттіліктеріне, адамға бағытталған, клиентке бағытталған модельге көшу шаралары бекітілді [5].

Қазақстан Республикасында жедел-іздістіру қызметінің құқықтық негізін – осы қызметі жүзеге асыруды реттейтін заңдар мен нормативтік актілер құрайды. Полиция қызметінің құқықтық негізі болып Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Ішкі істер органдары туралы» заң, «Жедел-іздістіру қызметі туралы» заң, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заң және ішкі істер органдарының қызметін реттейтін өзге де нормативтік актілер табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің жоғары заң күшіне ие болған және ол өзінің бір бағыты ретінде азаматтардың құқық қорғау органдары арасында пайда болған қатынастарын реттейді. Конституциялық нормалар жедел-іздістіру қызметіні реттеу үшін де негіз болып табылады.

Жедел-іздістіру қызметі үшін мынадай бекітілген конституциялық нормалар маңызды болып табылады:

- мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып саналуы;

- заң мен сот алдында жұрттың теңдігі;
- әркімнің жеке өміріне, өзінің және отбасының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар – намысының қорғалуына құқығы;
- әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу құқығы;
- ешкімнің өз кінәсін мойындауға міндетті еместігі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының «Адам және азамат» атты 2 бөлімінің 12-бабының 1-тармағына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылатынын және оларға кепілдік берілетінін белгілейді. Өз кезегінде 16-бабының 1 тармағы әркімнің өзінің жеке басының бостандығына құқылы екенін айқындайды [1].

Конституцияның 39-бабында көрсетілгендей: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін» [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясынан кейін жедел-ізвестіру қызметін құқықтық реттеудегі маңызды болып 1994 жылғы 15 қыркүйекте қабылданған Қазақстан Республикасының «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңы табылады. Осы Заң Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асырылатын жедел-ізвестіру қызметінің мазмұнын айқындайды және оны жүргізу кезінде заңдылықты құқықтық кепілдіктері жүйесін баянды етеді.

Жедел-ізвестіру қызметтерінің қазіргі теориясын осы қызметті ұйымдастыру үлгісі туралы білім жүйесін заңда айқындалғандай және аталған Заңының 2-бабында анықталған міндеттерді шешуге бағытталған, жедел-ізвестіру шараларды жүзеге асыру әдісінің негізделгені сияқты анықтауға болады. «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 3-бабында жедел-ізвестіру қызметінің қағидалары көзделген, атап айтсақ жедел-ізвестіру қызметі заңдылық, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау, қадір қасиеттерін құрметтеу, азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаларына сәйкес астыртын әрекет ету, жария және жария емес әдістерді ұштастыру, кәсіби әдеп негізінде жүзеге асырылады [6].

Сонымен қатар аталған заңның 6-бабында (Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдар), сондай-ақ 12-бабында (Жедел-ізвестіру шараларын жүргізу шарттары), 25-бабында (Жедел-ізвестіру қызметін қадағалау) келесі жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу шарттары айқындалған: пошта жөнелтілімдері мен өзге жөнелтілімдерді жасырын бақылау; жасырын кіру және (немесе) орынды жасырын зерттеп-қарау, абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу [6].

Жедел-ізвестіру қызметін тәртіптеуші, заңнамалық нормалар және құқықтық негіздер жүйелік талдана отырып, жедел-ізвестіру профилактикасын жүргізу шараларын оны ұйымдастыру мәселелерін реттейтін құқықтық негіз болып табылады. Сонымен қатар Криминалдық полицияның профилактикалық қызметінің құқықтық негізіне, Конституция мен «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңынан басқа, келесі заңдар құрайды: 23 сәуір 2014 жылы қабылданған «Ішкі істер органдары туралы» заң, 29 сәуір 2010 жылғы «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заң, 5 қараша 2022 жылғы «Прокуратура туралы» заң, сонымен қатар ведомстволық бұйрықтар мен нұсқаулықтар жатады.

Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» заңы – полиция қызметкерлерінің құқықтарына жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру мүмкіндіктері берілген, яғни қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамасыз ету; қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және қылмыскерлерді іздестіруді көздейді [7].

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңда ішкі істер органдары құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің бірі ретінде қарастырылады. Аталған заңның 7-бабында ішкі істер органдарының құзіреті көзделген, атап айтқанда олар келесідей:

- азаматтарға құқықтық тәрбие беруге қатысады, құқық тәртібінің жай-күйі және ішкі

істер органдарының құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыруы бойынша шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

- құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;
- профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;

- қоғамдық тәртіпті қорғауға және құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

- күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;
- өздеріне белгілі болған, өзге де құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық фактілері туралы осы органдарға хабарлайды;

- қылмыстық қудалауды, пробациялық бақылауды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

- ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша арнаулы оқу курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын және пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандардың, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында профилактикалық және жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес сотталғандарға тәрбиелік ықпал етуді жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады [8].

Қазақстан Республикасының 15 наурыз 1999 жылғы №349-І «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңы – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде мемлекеттік құпияларды қорғаудың құқықтық негіздері мен бірыңғай жүйесін айқындайды, мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуға, оларды құпияландыруға, оларға билік етуге, оларды қорғау мен құпиясыздандыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді [9].

Сонымен қатар жедел-ізвестіру қызметі аясындағы пайда болған мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуды; мемлекеттік қызметшілер мен лауазымды тұлғаларды жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруда мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтермен жұмыс істеуге рұқсат беру тәртібін бекітеді.

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының заңы прокуратураның құзіретін белгілей отырып жедел-ізвестіру қызметін, сонымен қатар жедел-ізвестіру профилактикасын жүзеге асыруда заңдылықтарды сақтауда қадағалауды жүзеге асырады [10].

Жедел-ізвестіру профилактикасын құқықтық қамтамасыз етуге қарсы-құқықтық іс-әрекеттердің түрлерін айқындайтын қылмыстық және әкімшілік заңнама да жатады, олар бойынша жедел-ізвестіру қызметінің объектілері жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Бұдан басқа, жедел-ізвестіру қызметі үшін осы заңнаманы көздейтін жекелеген құқықтық институттардың да маңызы зор (қылмыстық жауаптылық пен жазаны болдырмайтын мән-жайлар және т.б.)

Сонымен қатар жедел-ізвестіру қызметі аясындағы пайда болған маңызды қатынастарды реттеудегі халықаралық құқықтық актілердің қатарына жатқызуға болады:

- БҰҰ Бас Ассамблеясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған «Адам құқықтарының жалпы декларациясы».

- БҰҰ Бас Ассамблеясымен 1966 жылғы 19 желтоқсанда қабылданған «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт»;

- Еуропа кеңесімен 1950 жылы 4 қарашада қабылданған «Адамдардың құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция».

Қорытынды

Осы көрсетілген құқықтық актілер жалпы алғанда жедел-ізвестіру профилактикасын

занды түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді және оларды заман талабына сай жетілдіру маңызды сипатқа ие.

Кәмететке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстардың жедел-іздетіру профилактикасын жүзеге асырудың тиімділігі туралы айтқанда оны жүзеге асыратын жедел аппарат қызметкерлерінің кәсіби дайындық деңгейі туралы да айтып кеткен жөн деп санаймыз. Жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізу жедел қызметкерлердің кешенді кәсіби біліктілігіне, іскерлігі және дағдыларына тәуелді болады. Сонымен қатар жедел қызметкердің жеке қасиеттеріне назар аударылады. Атап айтқанда оның қабілеттігі, зерделілігінің жоғарылығы, байқағыштығы және ойлау қабілеттігі, ынталылық және қойылған мақсатқа жетуге табандылығы, өжеттілік пен жігерлігі, ойлап табушылық және шұғыл жағдайларда суық қолды болуы.

Қабілеттілік деп тұлғаның толық белгілі – бір қызметке сәйкестігін айтамыз, яғни біздің жағдайда қызметкерлердің жедел жұмысқа сәйкестігі болып табылады. Қабілеттілік жалпы және арнайы түрлерге бөлінеді. Жалпы қабілеттілік деп тұлғаның интеллектуалдық қасиеттерін айтамыз, ол адамның білімімен, іскерлігімен және дағдыларында көрінеді. Арнайы қабілеттілік бұл тұлғаға тән қасиеттерінің жүйесі болып табылады, ол арнайы әрекет аумағында жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі.

Жедел қызметкер арнайы қабілеттілікке тәжірибелік қызметінің нәтижесінде қол жеткізіледі. Жедел-іздетіру қызметін жүзеге асыратын жедел қызметкер үшін назардың жоғарылығы, байқағыштық және ойлау қабілеттілігі үлкен мыңызға ие. Назар жедел қызметкердің өз ойын белгілі бір объектіге шоғырландыра білуі, оның анық көріністің ерекшелігін қамтамасыз етуі болып табылады. Байқағыштық деп бақылаудағының жүріс тұрысында маңызды белгілерін байқау қабілеттілігін айтамыз. Назар мен байқағыштық өзара тығыз байланысты және бірін бірі толықтырады. Дамыған назар және байқағыштық жедел қызметкерге жедел қызығушылық танытатын адамға бір қарағаннан-ақ оның жүріс тұрысындағы теріс белгілерді байқап қалуға мүмкіндік береді.

Жедел қызметкердің ойлау қабілеттілігі қалыптасқан жағдайды тез арада бағалауға және осы жағдайда ең дұрыс шешім қабылдауға, мысалы, ұсталғандардың және басқа тұлғалардың түсініктемелеріне сынды көзбен баға беруге және өзінің ары қарай жүріс тұрысының дұрыс тактикасын таңдауға мүмкіндік береді.

Кәсіби білімге, іскерлікке және дағдыларға заңдарды (негізінен қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдары) және жедел-іздетіру шараларын, жедел-іздетіру профилактикасы шараларын жүргізу негізін және шарттарын, жедел-іздетіру қызметінің жария емес күштерін, құралдары мен әдістерін қолдану тактикасын, жедел – іздетіру құралдары мен әдістерін қолдана білуін реттейтін Қазақстан Республикасы ІІМ-нің нормативтік актілерін білуді жатқызуға болады. Жедел жұмыс тәжірибесінің өзі кәсіби дағдыны қалыптастырады және жетілдіреді. Бірақ, осы үрдістер қарқынды болу үшін жедел қызметкер жұмыс барысында өзінің кәсіби сапаларын ары қарай қалыптастыру және жетілдіру үшін табандылық пен қажырлық танытуы қажет. Ол үшін полиция қызметкерлерінің кәсіби дайындықтарына ерекше назар аудару қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // [Электрондық ресурс]. - URL://<https://akorda.kz/kz/category/konstituciya>
2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // [Электрондық ресурс]. - URL://https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_
3. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы // [Электрондық ресурс]. - URL://https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_#z2
4. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау

туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі Заңы // [Электрондық ресурс]. - URL://<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169>

5. «Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы // [Электрондық ресурс]. - URL://<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001233>

6. «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы // [Электрондық ресурс]. - URL://https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z940004000_

7. «Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының заңы // [Электрондық ресурс]. - URL://<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>

8. «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000271_

9. «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңы // [Электрондық ресурс]. - URL://https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000349_

10. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының заңы // [Электрондық ресурс]. - URL://<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155>

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Айнагүл Жанылбековна Зулеева - Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті полиция полковнигі, философия докторы (PhD). Алматы қ. Қазақстан Республикасы, E-mail: ainagul.z@mail.ru тел.: +7-701-751-77-28

Камиль Турсунович Ушуров - Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы Ведомстваралық есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бойынша мамандар даярлау орталығының бастығы полиция подполковнигі, философия докторы (PhD). Алматы қ, Зерделі ы/а №1/173. №36 п. E-mail: kama_ne@mail.ru. тел.: +77771111676

Азамат Гарифуллаевич Шидемов - Қазақстан Республикасы ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясы Жедел-іздістіру қызметі кафедрасының бастығы полиция подполковнигі, философия докторы (PhD). Алматы қ. Қазақстан Республикасы, E-mail: Sh_azem@mail.ru. тел.: +7-701-251-52-22

ХҒТАР 10.77.51

Л.А. Куралова

Қонаев университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ВИКТИМОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Қазіргі кезеңде қылмыспен күрес тек репрессивтік шаралармен шектелмей, алдын алу сипатындағы ұзақмерзімді стратегияларды талап етеді. Осы тұрғыда victimология ғылымы қылмыстылықтың себептерін терең түсінуге мүмкіндік беретін стратегиялық құрал ретінде қалыптасуда. Жәбірленушінің виктимденуіне әсер ететін факторларды анықтау және оларды құқықтық тұрғыда бағалау – тиімді қылмыстық саясаттың маңызды элементі.

Мақалада виктимология ғылымының негізгі категорияларының бірі – виктимологиялық факторлар ұғымы қарастырылады. Қылмыстың жасалуына жәбірленушінің мінез-құлқы, әлеуметтік мәртебесі, психологиялық ерекшеліктері мен өмір салтының ықпалы талданады. Сонымен қатар, виктимологиялық факторларды құқықтық тұрғыдан бағалаудың теориялық және тәжірибелік мәселелері, қылмыстық құқық пен криминологиядағы орны айқындалады. Автор жәбірленушінің мінез-құлқын құқықтық бағалау кезінде кінәлі тұлғаның

жауаптылығын төмендетуге жол бермеу қажеттігін атап көрсетеді. Қылмыстың жасалуына ықпал ететін жәбірленушінің жеке, әлеуметтік және мінез-құлықтық ерекшеліктері талданып, олардың құқықтық бағалануының маңызы ашылады.

Сонымен қатар, автор Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде адам құқықтарын қорғау және қылмыстың алдын алу саласындағы саяси ұстанымдарын виктимологиялық тұрғыда бағалайды. Автор виктимологиялық факторларды ескеру қылмыстың алдын алуда және әділ сот төрелігін жүзеге асыруда маңызды екенін негіздейді.

Кілт сөздер: виктимология, жәбірленуші, виктимологиялық факторлар, қылмыстық құқық, құқықтық бағалау, қылмыстың алдын алу.

ВИКТИМОЛОГИЧЕСКИЕ ФАКТОРЫ И ИХ ПРАВОВАЯ ОЦЕНКА

Аннотация. На современном этапе борьба с преступностью требует долгосрочных стратегий превентивного характера, не ограничивающихся репрессивными мерами. В этом контексте наука виктимология становится стратегическим инструментом, позволяющим глубоко понять причины преступности. Выявление факторов, влияющих на виктимизацию жертвы, и их правовая оценка являются важным элементом эффективной уголовной политики.

В статье рассматривается одна из основных категорий науки виктимологии – концепция виктимологических факторов. Анализируется влияние поведения жертвы, социального статуса, психологических характеристик и образа жизни на совершение преступления. Кроме того, определяются теоретические и практические вопросы правовой оценки виктимологических факторов, их место в уголовном праве и криминологии. Автор подчеркивает необходимость избегать снижения ответственности виновного лица при правовой оценке поведения жертвы. Анализируются личностные, социальные и поведенческие характеристики жертвы, способствующие совершению преступления, и раскрывается важность их правовой оценки.

Кроме того, автор оценивает политическую позицию Республики Казахстан как правового государства в области защиты прав человека и предотвращения преступности с виктимологической точки зрения. Автор утверждает, что учет виктимологических факторов важен в предотвращении преступности и обеспечении справедливого правосудия.

Ключевые слова: виктимология, жертва, виктимологические факторы, уголовное право, правовая оценка, профилактика преступлений.

VICTIMOLOGICAL FACTORS AND THEIR LEGAL ASSESSMENT

Abstract. Currently, the fight against crime requires long-term preventive strategies that go beyond repressive measures. In this context, the science of victimology is becoming a strategic tool for a thorough understanding of the causes of crime. Identifying the factors influencing victimization and their legal assessment are an important element of effective criminal policy.

This article examines one of the main categories of victimology: the concept of victimological factors. It analyzes the influence of victim behavior, social status, psychological characteristics, and lifestyle on the commission of a crime. Furthermore, it identifies theoretical and practical issues in the legal assessment of victimological factors and their place in criminal law and criminology. The author emphasizes the need to avoid diminishing the responsibility of the perpetrator when legally assessing the victim's behavior. The personal, social, and behavioral characteristics of the victim that contribute to the commission of a crime are analyzed, and the importance of their legal assessment is revealed.

In addition, the author evaluates the political positions of the Republic of Kazakhstan, as a legal state, in the field of human rights protection and crime prevention from a victimological perspective. The author argues that taking victimological factors into account is important in crime prevention and the implementation of fair justice.

Key words: victimology, victim, victimological factors, criminal law, legal assessment, crime prevention.

Кіріспе

Қазіргі қылмыстану ғылымында қылмыстың себептері мен жағдайларын зерттеу тек қылмыскердің жеке басымен шектелмей, жәбірленушінің де рөліне назар аударуды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда виктимология – қылмыстың құрбаны болған тұлғаның мінез-құлқын, әлеуметтік және психологиялық сипаттарын зерттейтін ғылым ретінде ерекше маңызға ие.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан құқықтық реформалар адам құқықтарын қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді стратегиялық басымдық ретінде айқындайды. Бұл ұстаным Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдаулары мен ресми баяндауларында жүйелі түрде көрініс табады.

2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы саяси және құқықтық реформалар аясында адам құқықтары мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстың алдын алу шаралары мен құқық қорғау жүйесін жаңғырту қажеттігін атап өткен. Онда заңның үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың қауіпсіздігін стратегиялық мақсат ретінде белгіленгендігі, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету — әрбір азамат үшін маңызды құндылық екендігі баса ескертіледі [1].

Бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың екінші маңызды аспектісі — қылмыстың алдын алу және құқық қорғау практикасындағы тиімділікті арттыру. Президенттің 2024 жылғы II тоқсанындағы құзырлы органдар жиналысында құқыққорғау қызметтерінің рөлін күшейту, құқықтық сауаттылықты арттыру және қылмыстық әрекеттердің алдын алу жүйесін жаңғырту туралы тапсырмалар жүктелді [2].

Осы орайда виктимологиялық факторларды зерттеу — қылмыстың алдын алудың маңызды құралы ретінде қарастырылуы тиіс. Алайда, жәбірленушінің мінез-құлқын талдау оны қылмыстың себепшісі ретінде көрсетуге немесе қылмыскердің жауаптылығын жеңілдетуге негіз болмауы керек. Мұндай тәсіл адам құқықтарын қорғау қағидаттарына және Мемлекет басшысының саяси ұстанымдарына қайшы келеді: құқықтық бағалауда гуманистік және әділеттілік қағидаларын сақтау — стратегиялық міндет. Сондықтан виктимологиялық факторларды құқықтық бағалау ерекше сақтықты талап ететін күрделі мәселе болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы құқықтық, диалектикалық талдау және жалпыдан жекеге және жекеден жалпыға өту әдістері яғни, құқықтық-мазмұндық талдау, салыстырмалы-құқықтық әдіс, статистикалық талдау, эмпирикалық, синтез және жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеу материалы ретінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, виктимологияға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар, Президент Қ.Ж. Тоқаевтың Жолдауларындағы құқықтық реформалар, адам құқықтары, қоғамдық қауіпсіздік және қылмыстың алдын алу бойынша ұсыныстар мен тапсырмалар пайдаланылды.

Зерттеу объектісі – Қазақстан Республикасындағы виктимологиялық факторлар және олардың құқықтық бағалануы.

Зерттеу пәні – жәбірленушілердің мінез-құлқы, әлеуметтік жағдайы, құқық қорғау органдарының әрекеттері және олардың қылмыстың алдын алу мен құқықтық бағалауға әсері болып табылады.

Зерттеу нәтижелері және талқылаулар

Қазіргі заманауи талаптар мен сұраныстар жасөспірімдерге әлеуметтік-педагогикалық білім мен тәрбие беру тұрғысынан әлеуметтік ортаның қолдауын талап етіп, олардың әртүрлі жағдайлардағы қиындықтарға ұшырамай ержетіп дамуына баса назар аударады. Әлеуметтік

педагогиканың қоғамдық мәні қиын, қайғылы жағдайларға, сол сияқты түрлі құбандыққа душар болған адамдарға, отбасыларына, балаларға көмек көрсете отырып, өмірден өз орнын табуға, өз мүмкіндіктері мен қабілет-ынтасы негізінде одан әрі дамуына жәрдем етумен сипатталады.

Болашақ әлеуметтік-педагог мамандардың қызметінде жасөспірімдердің өмірге бейімделу үрдісін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар сабақтастығында жан-жақты қарастыру, оқушыларға түрлі құбылыстық жағдайларда қолдау көрсету мәселесі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жоғары оқу орындарында білім алушы болашақ әлеуметтік педагогтерді әлеуметтікэкономикалық, құқықтық қатынастарға сәйкес жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлыққа бейімділігінің алдын алуға даярлау мәселесі бүгінгі таңда өзекті деп саналады.

Виктимділік (жәбірленуге бейімділік), виктимдік мінез-құлық - адамның өз өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларға тап болуға бейімділігі және кейбір ерекше (рухани, физикалық, кәсіби) адамдардың жоғары қабілеттілігіне қарай – белгілі бір объективті жағдайларда қылмыстық қолсұғушылықтың нысаны (жәбірленушісі) болып табылуы. Атап айтқанда, бұл адамның қандай да бір жағымсыз жағдайға түсу ықтималдығын арттыратын әрекеттері. Мұндай жағдайға тап болған адамдарды зерттейтін ғылым саласы виктимология деп аталады [3, 44].

Виктимология сөзбе-сөз мағынада «жәбірленуші туралы ілім» дегенді (латын тілінің *viktima* – жәбір (құрбан), грек тілінің *Logos* – ілім сөздерінен шыққан) білдіреді. Бұл термин XVIII ғасырда криминологияда индивидтің мінез-құлқы туралы қолданыла бастады. «Виктимология» ұғымын заң ғылымдарына ресейлік ғалым Л.В.Франк енгізген. Салыстырмалы тұрғыда, виктимология өз алдына жеке ғылым ретінде тек 1947 жылдан кейін ғана пайда болды. XIX ғасырдың соңында және XX ғасырдың басында құрбан мәселесі барлық ғылым саласындағы еңбектерде қолданыла бастады. Виктимология – педагогикалық теория мен практиканың жаңа ғылыми бағыты, мектептің оқу процесінің социогенетикалық механизмінің дисфункциясы нәтижесінде пайда болатын оқушының жеке басының әлеуметтену ақауының генезисін, феноменологиясын, морфологиясы мен онтологиясын зерттейтін педагогика саласы [4, 252].

Басқаша айтқанда, виктимология сөзін біз жеке адамның қылмыс нәтижесінде құрбан болуымен байланыстырсақ, онда “виктимизация” терминін оны жекелік деңгей мен көпшілік деңгейдегі зерделеу барысында қолданамыз. Нақты бір орында болған қылмысты зерделеу барысында, виктимологиялық үдерісте нақты қылмыстың түрлері, нақты қауіп көзі төнген құрбанның жеке басы, қылмыстың жасалу орны, уақыты, әдісі және өзге де сипаттамалары талданады. Жалпы алғанда мұндай қадам виктимизацияның шамасы мен көрсеткішін бөліп шығаруға, сонымен қатар жеке құрбанның сапалық және сандық сипаттамасы мен факторларының виктимизациясын анықтауға мүмкіндік береді.

Виктимизация мен криминализация бір көзден шығады. Виктимизация қылмыстылықтың құрамдас бөлігі ретінде өзіндік ерекше параметрлері мен сапалық сипаттамаларға ие болады, соның ішінде олардың құрамдас категориялары бір-бірімен сәйкес келмейді. Жәбірленушінің құқық қорғау органдарына байланыспауының негізгі факторлары ретінде: құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жәбірленушілердің талап арыздарына (қабылданатын/қабылданбайтын) қанағаттандырылғысыздығы; жағдайдың өзіне байланысты себептері (қылмыстың дәрежелілігі, дәлел айғақтарының болмауы, полиция біліктілігінің төмендігі); құқық қорғау органдарының қатысуынсыз мәселені (өздігінен) шешу мүмкіндіктері; құқық қорғау органдарына теріс қатынасы айтуымызға болады. Жағдайды өздігінен шешу мүмкіндіктері (отбасының, достарының немесе балама кәсіпорындарының көмегімен) ресми шараларға айналды.

С.Г. Войтенконың зерттеу нәтижесінде келесі тұжырым жасалған: «Соңғы жылдары “отбасылық төбелесқорлар» деп аталатын жеке басқа жасалатын зорлық-зомбылықтар саны күрт өсуде”. Осыдан бұрын байқалмаған әлеуметтік құбылыстың қалыптасқанын көреміз, криминалдық құрылғылармен кіші әлеуметтік топтағы халықтың криминалды жүріс

тұрысының алдын алу: әлеуметтік мүшелердің осы криминалдық өзін-өзі реттеуі бұл криминалдық зорлық-зомбылық әрекеттері арқылы жеке тұлғалардың арасында болатын оқиғаны қалыпқа келтіруге мүмкіндік жасау болып табылады [5, 41]. Жүргізілген нәтижелер бойынша жәбір шеккендердің 36% ғана құқық қорғау органдарына хабарлаған, ал қалғандары болса әр түрлі себептерді сылтауратып болған қылмыстық оқиғаны құқық қорғау органдарына хабарламауды жөн көрген. Мұндай әрекетке түрткі болған себептерді айтып кетер болсақ: «өзіміз шешеміз» - 25%, «келтірген зардаптың мөлшері шамалы» -16%, «кек алуға деген қорқыныш» -13%, басқа да себептер -10% , құқық қорғау органдарының белгілі дәрежеде көмек көрсете алмауы.

«Азаматтың ұрлыққа қатысты полицияға түскен өтініштің шешімін заңдық тұрғыда қанша пайызға табады?» десек, сұрағандардың ең оптимистік жауаптары - 4%, ал ең торыққан, яғни күмәнмен қарайтын жауаптары- 19% құрады.

Бұл жерде қылмыстардың латенттігі, яғни жасырын қалуы, процессуалдық тәртіп бойынша жүзеге ауырылуы керек әрекетпен қатысты, яғни жәбірленушінің қылмыс бойынша жәбір көргенін тануы болып табылады. Аталған сұрақтың жауабы көбіне тергеушінің қарауына байланысты жүзеге асады. Егер ол қылмыстың болмағанын таныса, бұл жерде қылмыстың жәбірленушілері жоқ дегенді білдіреді. Біз тығырыққа тірелген жағдайдамыз, себебі қылмыстық іс бойынша өзін сол қылмыстың жәбірленушісі ретінде көрсететін дәлелдемелерді ұсынбаса, ол ары қарай өзін жәбірленуші деп тануға деген құқықтарын жүзеге асыра алмайды. Яғни ол өзін жәбірленуші ретінде дәлелдей алмаса, онда ол жәбірленуші болып табылмайды.

Қылмыстың өсуі жағдайында, республикамызда көбіне криминалдық қоғамның қалыптасуынан халықтың виктимизациясы, яғни қылмыстың құрбаны болуы орын алуда. Виктимизация мен криминализация - бұл әлеуметтік процесстердің арақатынасы.

Жаңа қоғамдық жүйеге өту біраз қиындықтар туындады. Атап айтсақ, құқықтық ағарту және халықты құқықтық тәрбилеу жүйесін бөлектеу өз кесірін тигізді. Шарттар және өзге де шаруашылық әрекеттерді жүзеге асырудың құқықтық жағынан дұрыс түсіндірілмеуі немесе жеткізілмеуінен, халықтың экономикалық қылмыстардың құрбаны болуына және азаматтардың меншік құқығына деген құқықтың қорғалуының төмендеуіне әкеліп соқтырды.

Виктимизацияға негізгі себептердің бірі болып, отбасындағы жанжалдар (отбасының материалдық жағынан төмендеуі) және отбасы мүшелері арасындағы қарым қатнастарды айтсақ болады. Әр уақытта да отбасы дегеніміз жылулық пен сабырлықтың ошағы болып табылады және солай қала бермек. Қазіргі таңда моральдық құндылықтар күйреп, адамға осы бір «үлкен әлемде» қауіп төнген жағдайлар орын алған кезде, адам өзіне қорғаныш пен көмекті «кішігірім әлемнен», яғни өзінің жанұясынан іздейді.

Сөзсіз, өзіне деген назар мен қамқорлықты бірінші кезекте балалар қажетсінеді. Өкінішке орай, қазіргі заманда балалар әлеуметтік тұрғыдан ең қорғансыз тобы болып табылады. Көбісі үлкендердің қатал әрекеттерінен, бұзылған криминалдық ортаның әсерінен, аморальдық өмір салтын ұстанатын, яғни моральға жат әрекеттерді көрсететін отбасылардан қорғанбаған. Осындай әрекеттерден отбасындағы балалар үлкендер тарапынан жасалатын теріс қылықтардың олардың психикасына әсер етуінен олар виктимизацияға ұшырайды, яғни осындай жат қылықтардың құрбаны болады.

Қазіргі таңда виктимдік, нашар, яғни сәтсіздікке ұшыраған жанұялардың көбісінде психологиялық сәйкессіздікке ұшыраған агрессиялық сипаттағы қарым-қатынастар орын алып отыр [6, 12 б.]. Бұндай отбасыларда көбіне балалардың қажеттіліктеріне деген қатал елемеушіліктер, кемсітушіліктер қалыптасқан, қатал қарау – балаларды балағаттап, оларды шеттету, балаға деген титтей де болса қамқоршылық жасамау. Балаларды өмірі қорлайды, ұрып-соғады, оны тамақтандырмай тастайды және бір тілім нанмен жазғырады, тіпті оларды үйден де қуып шығады. Көбіне балалар сауықтыру орталықтарына келіп түскенде, олардың денесінен ата-аналарының құқыққа қайшы жасаған әрекеттерінен алған жарақаттарын көруге болады. Ал осындай үлкендер тарапынан болатын қатал әрекеттер мен зорлық зомбылықтан құтылу үшін, балалар мен жасөспірімдер өздеріне өздері қол жұмсауға барады.

Кәмелетке толмағандардың өзінің туған-туыстарына қатысты жасаған қылмыстары, дәл осындай қылмысты үлкендердің жасағанынан екі есеге көп.

Әрбір төртінші жанұяда, жоғарыда аталып кеткен тұлғаларға (жәбірленушілерге) кәмелетке толмағандарға әрдайым қоқан-лоққы жасап отырған, ішімдікке салынып, оларды қылмыс жасауға да итермелген.

Мұндай отбаслар аморальдықты, адамдар арасындағы қатынаста зорлық-зомбылықты дәріптеп отырған. Осылардың кесірінен сыйламаушылық, дөрекілік, қатыгездік, ашық арсыздық сияқты әрекеттер балалар тәрбиесінің нормасына айналды. Бұл құбылысты көбіне балаларды қаламағандықтан олардың дүниеге келуімен түсіндіруге болады. Олардың қажетсіздіктері одан бұрын қалыптасып қойған, яғни бала туылмас бұрын ата-аналардың күнделіктегі тұрмыста өздерін ұстай алмаушылығы, әртүрлі ауруларының болуы және олардың өмірдегі сәтсіздіктері, өздеріне және болашақтарына сенімсіздікпен қарағандықтан да, олар үрей мен алаңдаушылықты сезеді.

«Жоспарда болмаған балалар» кәмелетке толмағандарда туылады, қазіргі таңда өте жас аналардың көбейе бастағанын көруімізге болады.

Сонымен қатар, толық емес отбасылардың қатары да артып келеді: бұл жалғызбасты аналардың, ажырасқан әйелдердің санының артқанынан байқалады. Мұндай отбасыларда анасы балаларына өзінің жеке мәселелерін таратып, тағдырының осылай сәтсіздікке ұшырауын балаларынан көріп, аңдаусызда, олардан өш алады.

«Кездейсоқ» балалар өмір бойы ұнамсыз, бас тартылған, тастанды болып қалуы мүмкін. Балалардың ата-анасына деген өші өмір бойына қалуы мүмкін, осыдан бала қатыгез, арсыз, дөрекі, агрессияшыл болып, эмоционалды тұрғыдан сараң болады, қоғамның пікірімен санасқысы да келмейтін болады.

Отбасындағы жағдайдың шиеленісуі - болашақ қылмыскердің жасаған әрекеттерінен ғана туындамайды, ол ықтимал жәбірленушінің жүрістұрысынан да болуы мүмкін, оның екіншісінің әрекетіне себеп болған, яғни жәбірленуші тарапынан болған алдын ала жасалатын жағдайлар мен әрекеттерге де байланысты болады. Қылмыс жасалған отбасыларда болатын жағдайлар кезеңділікпен немесе осыған дейін жеткізуге апаратын әрекеттерден туындайды, атап айтсақ келіспеушіліктер, төбелестер, отбасында болатын қысқа немесе ұзақ мерзімді үзілістер, жұбайының опазыдығы, екі жақтың немесе біреуінің ішімдікке салынуы. Отбасы жағдайында үлкендердің жасөспірімге психикалық тұрғыдан теріс әсер етуі оның жоғары виктимдігін қалыптастырады, осыдан ол бала өзін қоғамнан жат тұлға ретінде сезінеді [7, 63].

Осындай жағдайлардың құрбаны болғандар, болашақта олардың қылмысқа баруы аз емес. Қазіргі кезде, қылмыс жасалған уақытта құрбан болған тұлғаның сипаттамасын анықтамау, қылмыс жасаған тұлғаның ісіне жаза қолданбау деген сияқты девианттық жағдайлардың қалыптасуы үлкен қауіп төндіріп отыр. Сондықтан да, оларды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу үлкен маңызға ие. Жәбірленуші болған жандардың кейін келе қылмыскерге айналып жататын жағдайлары аз емес. Сексуалды зорлыққа ұшыраған балаларда девиантты нысандағы сексуалды тәрбиенің қалыптасуы байқалуда. Азғындалған жас өспірімдер болашақта өздерінен кіші балаларға сексуалды күш көрсетететін жағдайлар аз кездеспейді [8, 82].

Жәбірленуші болған адамның өткені мен алдағы рольдерінің арасында тәртіпке қайшы байланыс бар: қылмыскер-құрбан, құрбан-қылмыскер.

Виктимизацияның бірден-бір себебі микросоциалды ортаның, халықтың, әсіресе жастардың алкоголизациялауға ұшырауы (тұрмыстық оратада, бос уақытында, қарым-қатынасында, еңбек ақысының орнына спирттік өнім алу және т.б) болып табылады. Ол қылмыскерліктің динамикасы мен құрылысына, сонымен қатар виктимділік динамикасына тұрақты түрде криминогенді әсер етеді.

Факторлар жүйесінде алкоголизм тек қана қылмыскерлікке ғана емес, сонымен қатар жәбірленушілердің виктимділігіне әсер етеді. Қылмыскерліктің криминологиялық динамикасын зерттеу барысында оның жасару тенденциясы алкоголь қолдануға тәуелді екені

бұрыннан көрсетілген. Қылмыстың көп бөлігі жәбірленушілердің мас күйінде болуына байланысты болатыны анықталған.

Мұның барлығы, құрбан болудың кенеттен, кездейсоқтықтан емес екендігін көрсетеді.

Әлеуметтік-этникалық факторлардан басқа, криминологиялық және виктимологиялық тұрғыдан қоғамдағы адамгершілік-психологиялық жағдай виктимизация процессінде айтарлықтай орын алады.

Соңғы жылдары адамның материалды жағдайының өсуі мен рухани жетілуінің арасында үлкен айырмашылық байқалуда. Қазіргі таңда анық көрінетін жағдай: өтпелі кезеңнің қиыншылықтары мәдениет пен адамгершілік қасиеттерінің жетіспеушілігінен туындауда.

Жәбірленушінің адамгершіліксіздігі қылмыс жасау себебін және қылмыскер тәртібінің механизмін анықтайтын негізгі кілт болып табылады.

Жәбір көрушінің аморальді тәртібінен басқа конфликтогенді фактор ретінде жеке тұлғалық құрылымында жағымсыз қасиеттердің болуы маңызды қызмет атқарады. Осыған орай Г.И. Чечель: «Егер қоғамдық ортадағы адамдардың тәртібі әлеуметтік жағдайларға шартталған болса, онда тек осы ортаға карап өзін сипаттай алады, ал әрбір жеке индивидтің тәртібінде оның өзіндік жеке қайталанбайтын, өзіне тән қасиеттері мен ерекшеліктері, сонымен қатар психофизиологиялық қасиеттері үлкен роль атқарады. Белгілі бір жағдайда іс-әрекеттің туындауы, осындай жағдайда адам тәртібінің нысанын, себептері мен шарттарын толықтай түсіну үшін адамның толықтай сипаттамасын анықтау керек: жасы, жынысы, отбасылық жағдайы, еңбек қызметі, мәдениет деңгейін, бұрынғы сотталғандық мәліметін, адамгершілік – психологиялық, психофизикалық ерекшеліктерін және т.б.» [9, 20].

Соңғы жылдары жәбір көрушілердің арасында шала сауаттылардың (сонымен қатар сотталғандардың) саны көбейіп келе жатқаны құпия емес. Дегенмен, жалпы мәдениеттің деңгейін есептегенде, жеке алынған білім деңгейі (виктимологиялық жағдай тудырған құрбандардың арасында жоғары, жартылай жоғары немесе арнайы орташа білімі бар адамдар аз емес) белгілі бір тәртіп түрін таңдауға айтарлықтай әсер етпейді, себебі, адам тәртібінің нысаны мен білім деңгейі арасында сызықтық тәуелділік жоқ. Сондықтан, білім процессі қоғамтанымдық, адамгершілік тұрғысынан тұлғаның қалыптасуын болжайды.

Көпшілік қылмыстар көршілеріге қарсы жасалатыны жайлы факт көңіл аудартуда. Көбінесе бұл сыйыспаушылық, мазасыздық қасиеттер тән егде жастағы адамдарда жиі кездеседі. Олар жанжалдың себепкерлері болып табылады (әдетте, қатты дауыстағы ән, қоғамдық қолданыстағы орындарды дұрыс пайдаланбау т.б). Күнделікті өмірге жағдай жасалмаған бір пәтерде тұру тек қана көршілердің арасында ғана емес, сонымен қатар жақын туыстардың (ағалы-інілер, апалы-сіңілілер, ата-аналар, ата, ене) арасында да конфликт тудырады. Мұндай көпшілік отбасылардың қарым-қатынасында өзара шыдамдылық пен сыпайылық болмайды. Олар көбінесе пікірталастарды тіл тигізу, физикалық және психологиялық күш көрсету арқылы шешеді.

Виктимологиялық факторларды құқықтық бағалау қылмыстық құқықтағы ең даулы мәселелердің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес, қылмыстық жауаптылық тек қылмыс жасаған тұлғаға жүктеледі. Жәбірленушінің мінез-құлқы оның құқықтарын шектеуге немесе қылмыскердің кінәсін азайтуға негіз бола алмайды.

Қорытынды

Виктимологиялық факторлар қылмыстың жасалуына ықпал ететін, бірақ оны ақтамайтын және кінәні жәбірленушіге жүктеуге негіз болмайтын жағдайлар болып табылады. Оларды құқықтық бағалау кезінде адам құқықтарын қорғау, әділдік және заңдылық қағидаттары басшылыққа алынуы тиіс. Виктимология қылмыспен күрестің тиімділігін арттыруға, жәбірленушілерді қорғау тетіктерін жетілдіруге бағытталған маңызды ғылыми бағыт болып қала береді.

Сонымен, виктимизацияға қатысты алынған мәліметтер негізінде келесі қорытындыларды жасауымызға мүмкіндік туындайды: қоғамда құрбан болу қарқыны артуда. Бұл қорытындылау ешқандай күмән келтірмейді.

Қылмыс алдындағы қорқынышты жұмысты жоғалтып алу (жоқтық) сияқты қорқыныш пен сенімсіздікпен, отбасы жағдайымен, қаржылай қауіпсіздікпен сипатталатын жалпы өмір деңгейінің фонында қарастыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Электрондық ресурсы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adilet-ti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659>. (жүгіну күні : 20.12.2025 ж.).
2. President's Address 2024: To make Kazakhstan a convenient and safe country. Электрондық ресурсы. : https://www.kt.kz/eng/government/president_s_address_2024_to_make_kazakhstan_a_convenient_1377968557.html. (жүгіну күні : 21.12.2025 ж.).
3. М. Мурзагулова, К. Атемова, Л. Сулейменова, Н. Аринова, Б. Батырбаева. Болашақ әлеуметтік педагогтарды жасөспірімдердің виктимдік мінез-құлыққа бейімділігінің алдын алуға даярлау. ҚазҰУ Хабаршысы, Педагогикалық ғылымдар сериясы. №3 (72) 2022 ж. 43-52 беттер.
4. Руденский Е.В. Дефект социализации личности как базовая категория виктимологии образования. – Новосибирск, 2004. – С. 252.
5. Коновалов В.П. Изучение потерпевших с целью совершенствования профилактики правонарушений. – М., 1982. – 231 с.
6. Преступления против нравственности. – Вильнюс, 2009. – 315 с.
7. Маликова Ш.Б., Маликов Д.Б., Омарова А.Б. Виктимизацияның басты факторлары туралы. Заң ғылымдарының докторы, профессор Кәлимолла Халиқұлы Халиқовтың 70-жылдығына және заң факультетінде оның атындағы аудиторияның ашылуына арналған «Қазақстан Республикасында сот билігінің қалыптасуы мен дамуының өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. 2009 ж. 60-72 беттер.
8. Преступления против нравственности. – Вильнюс, 2009. – 315 с.
9. Надтока В.С. Виктимологические аспекты профилактики насильственных преступлений: Автореф. дис. канд. юрид. наук. – Краснодар, 1999. – 31 с.

XҒТАР 10.77.51

Kuralova L.A.

Kunayev University, Almaty, Republic of Kazakhstan

LEGAL MECHANISMS FOR PROTECTING VICTIMS OF BULLYING

Abstract. This article examines the issues of preventing cyberbullying among adolescents. The authors emphasize the importance of informing young people by explaining the dangerous consequences of cyberbullying. The article analyzes victimological prevention measures, their implementation by state and local authorities, as well as ways to increase the legal awareness of minors, improve their personal education, and increase their technical knowledge in the field of cybersecurity. Comprehensive prevention measures are proposed as an effective approach to reducing the spread of cyberbullying. The article is devoted to the problem of preventing

cyberbullying among adolescents. It considers the importance of informing about the dangerous consequences of cyberbullying, victimological prevention measures and the role of state and local authorities in their implementation. It also suggests ways to increase the legal awareness of minors, improve their personal education and increase their technical knowledge on cybersecurity. It has been proven that comprehensive measures can effectively reduce the spread of cyberbullying.

Key words: Cyberbullying, adolescents, prevention, victimological measures, legal awareness, cybersecurity, government agencies, personal upbringing.

БУЛЛИНГ ҚҰРБАНДАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алу мәселелері қарастырылады. Авторлар кибербуллингтің қауіпті салдарын түсіндіру арқылы жастарды ақпараттандырудың маңыздылығын атап көрсетеді. Мақалада виктимологиялық алдын алу шаралары, оларды мемлекеттік және жергілікті билік органдарының жүзеге асыруы, сондай-ақ көмелетке толмағандардың құқықтық хабардарлығын арттыру, олардың жеке білімін жақсарту және киберқауіпсіздік саласындағы техникалық білімдерін арттыру жолдары талданады. Кибербуллингтің таралуын азайтудың тиімді тәсілі ретінде кешенді алдын алу шаралары ұсынылады. Мақала жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алу мәселесіне арналған. Онда кибербуллингтің қауіпті салдары, виктимологиялық алдын алу шаралары және оларды жүзеге асырудағы мемлекеттік және жергілікті билік органдарының рөлі туралы ақпараттандырудың маңыздылығы қарастырылады. Сондай-ақ, көмелетке толмағандардың құқықтық хабардарлығын арттыру, олардың жеке білімін жақсарту және киберқауіпсіздік бойынша техникалық білімдерін арттыру жолдары ұсынылады. Кешенді шаралар кибербуллингтің таралуын тиімді түрде азайта алатыны дәлелденген.

Кілт сөздер: Кибербуллинг, жасөспірімдер, алдын алу, виктимологиялық шаралар, құқықтық хабардарлық, киберқауіпсіздік, мемлекеттік органдар, жеке тәрбие.

ПРАВОВЫЕ МЕХАНИЗМЫ ЗАЩИТЫ ЖЕРТВ БУЛЛИНГА

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы предотвращения кибербуллинга среди подростков. Авторы подчеркивают важность информирования молодежи путем разъяснения опасных последствий кибербуллинга. В статье анализируются виктимологические профилактические меры, их реализация государственными и местными органами власти, а также способы повышения правовой осведомленности несовершеннолетних, улучшения их личных знаний и повышения их технических навыков в области кибербезопасности. В качестве эффективного способа снижения распространения кибербуллинга предлагаются комплексные профилактические меры. Статья посвящена проблеме предотвращения кибербуллинга среди подростков. В ней рассматривается важность информирования об опасных последствиях кибербуллинга, виктимологических профилактических мер и роль государственных и местных органов власти в их реализации. Также предлагаются способы повышения правовой осведомленности несовершеннолетних, улучшения их личных знаний и повышения их технических навыков в области кибербезопасности. Доказано, что комплексные меры могут эффективно снизить распространение кибербуллинга.

Ключевые слова: Кибербуллинг, подростки, профилактика, виктимологические меры, правовая осведомленность, кибербезопасность, государственные органы, личное воспитание.

Introduction

Nowadays, due to the rapid development of information technologies and the complexity of social relations in society, bullying - that is, psychological pressure, humiliation or discrimination - is a common occurrence in schools, colleges and other educational institutions. This phenomenon

not only affects the mental and emotional development of an individual, but can also negatively affect his social adaptation, academic performance and future life. Therefore, the issues of preventing bullying and protecting its victims are of primary concern to society, family and state institutions.

Legal mechanisms are one of the important aspects of protecting victims of bullying. They not only impose responsibility on the perpetrators, but also allow for legal assistance to the victim, ensuring a safe environment and organizing preventive measures. In this regard, the study of the legislative framework and legal norms against bullying, and the analysis of their effectiveness are becoming a relevant research topic of our time.

Research materials and methods

In writing the article, comparative legal, dialectical analysis, and the methods of transition from the general to the particular and from the particular to the general were used, that is, legal-content analysis, comparative legal method, statistical analysis, empirical, synthesis, and systematization methods.

The object of research is a phenomenon, process or system that is directly studied in the course of scientific research. The following may be considered as the object of research in your topic: the phenomenon of bullying and its consequences, the system and mechanisms of legal protection, public and legislative structures, regulatory legal acts aimed at protecting children and young people from bullying.

Research subject – legal mechanisms used to protect victims of bullying and their effectiveness.

Research results and discussions

In modern society, bullying is becoming increasingly complex as a social and legal problem. Bullying is a repeated form of behavior that harms the health and psychological state of a person. It manifests itself in the form of psychological violence, physical abuse, verbal abuse, and online harassment (cyberbullying). The development of legal mechanisms to protect the rights of victims of bullying is becoming increasingly important.

At the third session of the National Congress of the Republic of Kazakhstan, entitled «Honest Person - Honest Work - Honest Profit», Head of State Kassym-Jomart Tokayev addressed the following: «... Domestic violence, bullying, and aggression are also dangerous trends today. Frankly speaking, cruelty is increasing in society. There are many people who are ready to insult someone, trample on their honor, and even beat them. You know that ambulance and public transport drivers were attacked. It is wrong to show cruelty and insult to a person. We cannot turn a blind eye to such negative actions. “He who hides his illness dies.” Therefore, we must not hide this public disease, but speak openly. Our citizens should feel safe both at home and in the open. In short, they should live in a safe environment. Law and order should be strictly observed, that is, there should be the rule of law in society. Most importantly, we must raise a kind and cultured generation...» [1].

The concept of bullying is not clearly defined in Kazakhstani legislation, and there are active discussions regarding its definition.

Let's look at one of the definitions proposed by the deputies: bullying is systematic teasing, discrimination, or other similar actions against a minor by an individual or group, including through the use of information and communication technologies (cyberbullying).

The concept of bullying also includes actions such as defamation (an administrative offense) and insults (a criminal offense).

The Parliament of the Republic of Kazakhstan is preparing and discussing a draft Law of the Republic of Kazakhstan «On Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on the Protection of Children's Rights», in connection with which there is a need to make amendments to the Code of Administrative Offenses (COA) and the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan (CC). These amendments should be aimed at ensuring the full protection of minors from bullying.

Currently, Article 131 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan establishes the criminal offense of insult, which is defined as an indecent humiliation of the honor and dignity of

another person. The second part of this article contains the distinguishing features of insult: the same actions committed in public or using mass media, telecommunications networks [2].

This criminal offense falls into the category of criminal misdemeanors, that is, according to the legislator, as specified in Article 10 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, a misdemeanor is an act that does not pose a significant threat to society and causes only minor harm to an individual, organization, society or the state.

Article 15 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan establishes the general age of criminal responsibility as 16 years. The second part of this article lists the crimes for which persons who have reached the age of 14 are held criminally liable. For example, a citizen who has reached the age of 14 can be held criminally liable for such crimes as murder, kidnapping, robbery, making a false report about an act of terrorism, vandalism, and hooliganism under aggravating circumstances. Based on the determination of age, a person of full age whose consciousness is at the level of an adult, who is able to understand the essence of the incident and is able to think and act accordingly, may be held criminally liable. In this regard, young people who do not yet possess such qualities are not recognized as subjects of a crime.

The lowering of the age of criminal responsibility for certain offenses is based on the fact that a 14-year-old is able to fully understand the unlawful nature of his actions and their consequences [3].

According to Article 32 of the Code of Criminal Procedure (CCP of the Republic of Kazakhstan), insults are classified as private prosecution cases, that is, the proceedings in these cases are initiated only on the basis of the victim's complaint and are terminated upon his/her reconciliation with the accused or defendant. In addition, the function of prosecution is assigned to the victim, who is not a professional lawyer. According to statistics, it is in these private prosecution cases that the percentage of acquittals is the highest [4].

From the above, we can conclude that, according to the legislator, the insult committed against a minor or teenager does not pose a significant public threat, since it is committed only against a specific individual and does not infringe on the interests of the state. Since the criminal law concept of insult is not given much importance, it has lost its relevance and does not allow for the full protection of the rights of victims of insult cases.

As for defamation, in 2020 it was removed from the category of criminal offenses and transferred to the category of administrative offenses. According to Article 73-3 of the Code of Criminal Procedure of the Republic of Kazakhstan, defamation is the dissemination of obviously false information that harms the honor and dignity of another person or undermines his reputation [5].

According to the Code of Administrative Offenses of the Republic of Kazakhstan, liability for committing an administrative offense arises from the age of 16. Unlike criminal legislation, the Law on Administrative Offenses does not provide for a reduction in the age of liability for certain categories of offenses.

The legislator does not recognize persons who have reached the age of 14 as subjects of defamation and insult. Unfortunately, bullying, or as we are used to, "stalking," is a long-standing and widespread phenomenon, which is also common among adolescents under the age of 16. Thus, the fact that a group of teenagers brutally beat a teenager in the city of Semey in February 2025, which was widely circulated on social networks, can serve as evidence. The offense was committed by teenagers aged 11 to 16, including both boys and girls. They filmed the incident and uploaded it to social networks, which caused great concern among society. Bullying against children goes beyond educational institutions and often occurs on the Internet. Teenagers need to understand that there is a penalty for such actions. Otherwise, a teenager may think that he can do whatever he wants and believe that even if the punishment is applied, it will not be severe.

The issue of protecting children from bullying, as highlighted by the President of the Republic of Kazakhstan and based on the statistics provided, shows that such actions as slander and insults are of high public danger. This, in turn, necessitates amendments to the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan and the Code of Administrative Offenses.

Conclusion

Based on the above, since at the age of 14 a person can draw conclusions about his actions and control his behavior, Article 131 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan should be amended to reduce the age of criminal liability for the criminal offense «Insult» to 14 years, and the second part of Article 15 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan should be amended to read as follows: «Murder by persons who have reached the age of fourteen at the time of the commission of the crime (Article 99), intentional infliction of serious harm to health (Article 106), intentional infliction of moderate harm to health under aggravating circumstances (Part 2 of Article 107), rape (Article 120), acts of sexual violence (Article 121), kidnapping (Article 125), assault on persons or organizations enjoying international protection, insult (Part 2 of Article 131), ...».

At the same time, as a reminder, we recommend considering an individual who has reached the age of 14 as responsible for committing an administrative offense, as provided for in Article 73-3 of the Code of Administrative Offenses of the Republic of Kazakhstan.

To protect adolescents from cyberbullying, it is important to inform them about its dangerous consequences. In this regard, urgent measures are needed to prevent cyberbullying victimology. These measures should be carried out by state and local authorities and should be aimed at personal education of minors, raising legal awareness, as well as increasing the level of technical knowledge in the field of cybersecurity. Only such comprehensive measures will help to minimize the spread of cyberbullying.

References

1. Speech by the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at the third session of the National Congress "Honest person - Honest work - Honest success" on the official website of the President of the Republic of Kazakhstan (Astana, March 15, 2024) [Electronic resource] - Access mode: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttykkuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (date of application: 26.09.2025).
2. The official version of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan (with amendments and additions) — Almaty: LLP «Publishing House «Norma-K», 2025.
3. Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім : дәрістер баяны / И. Ш. Борчашвилидің жалпы редакциясымен. — Алматы : ЖІШС «Издательство «Норма-К», 2006.
4. Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan. The Code of the Republic of Kazakhstan dated July 4, 2014 № 231. «Adilet» Legal information system of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan. [Electronic resource] - <https://adilet.zan.kz/eng/docs/K1400000231>.
5. «On Administrative Infractions». The Code of the Republic of Kazakhstan dated 5 July 2014 № 235-V. «Adilet» Legal information system of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan. [Electronic resource] - <https://adilet.zan.kz/eng/docs/K14000002357>

УДК 343.7

Серик Б. ¹, Куаналиева Г.А. ^{2*}¹Қонаев Университетінің 2-курс магистранты,²Қонаев Университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

*e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САРАЛАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері, олардың қылмыстық-құқықтық табиғаты, құрылымы және саралау ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Авторлар меншікке қарсы қылмыстардың қоғамға қауіптілік деңгейін талдай отырып, олардың құқықтық реттелуінің өзекті мәселелеріне назар аударады.

Зерттеу барысында ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық және сеніп тапсырылған мүлікті иемдену немесе талан-таражға салу сияқты қылмыстардың объективтік және субъективтік белгілері ашылып, олардың бір-бірінен айырмашылықтары ғылыми тұрғыдан негізделеді. Сонымен қатар, қылмысты дұрыс саралаудың құқық қорғау қызметіндегі маңыздылығы айқындалып, қате саралаудың құқықтық салдары көрсетіледі.

Мақалада Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің нормалары мен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары негізінде сот тәжірибесі талданып, қылмыстық құқық нормаларын қолданудың проблемалық аспектілері анықталады. Сондай-ақ, қазіргі кезеңдегі ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты алаяқтықтың жаңа түрлері және оларды саралау мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: меншік, қылмыстық құқық бұзушылық, ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық, саралау, қылмыс құрамы, қылмыстық жауаптылық

ВИДЫ ПРЕСТУПЛЕНИЙ ПРОТИВ СОБСТВЕННОСТИ И ИХ КВАЛИФИКАЦИЯ

Аннотация. В статье комплексно рассматриваются виды преступлений против собственности, их уголовно-правовая природа, структура и особенности квалификации. Авторы анализируют общественную опасность данных деяний и акцентируют внимание на актуальных проблемах их правового регулирования.

В ходе исследования раскрываются объективные и субъективные признаки таких преступлений, как кража, мошенничество, грабеж, разбой, а также присвоение или растрата вверенного имущества, и проводится их научное разграничение. Особое внимание уделяется значению правильной квалификации преступлений в деятельности правоохранительных органов, а также последствиям ошибок в правоприменительной практике.

На основе норм Уголовного кодекса Республики Казахстан и нормативных постановлений Верховного Суда анализируется судебная практика, выявляются проблемные аспекты применения уголовного законодательства. Также рассматриваются современные формы мошенничества, связанные с развитием информационных технологий, и особенности их квалификации.

Ключевые слова: собственность, преступления против собственности, кража, мошенничество, грабеж, разбой, квалификация, состав преступления, уголовная ответственность

TYPES OF CRIMES AGAINST PROPERTY AND THEIR LEGAL QUALIFICATION

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of crimes against property, their legal nature, structure, and the specifics of their qualification under criminal law. The author examines the social danger of such offenses and highlights current issues in their legal regulation.

The study explores the objective and subjective elements of crimes such as theft, fraud, robbery, violent robbery, and embezzlement or misappropriation of entrusted property, offering a clear differentiation between them. Special attention is given to the importance of proper legal qualification in law enforcement practice, as well as the consequences of misqualification.

Based on the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan and the normative resolutions of the Supreme Court, the article analyzes judicial practice and identifies key challenges in the application of criminal law norms. In addition, modern forms of fraud related to the development of information technologies are examined, along with their qualification issues.

Keywords: property, crimes against property, theft, fraud, robbery, qualification, criminal liability, criminal law

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс саралау қылмыстық құқықтың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Қылмыстық заңнаманың тиімділігі мен әділдігі көбіне жасалған әрекеттің дұрыс құқықтық бағалануына байланысты. Әсіресе меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау барысында құқық қорғау органдарының қателіктері азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін.

Қазақстан Республикасында меншік мемлекеттік және жеке нысандарда тең дәрежеде қорғалады [1]. Осыған байланысты меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіпті әрекеттердің маңызды санатын құрайды. Әрбір адам өз меншігін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы. Ешкімді өзіне тиесілі мүлкінен сот шешімінсіз айыруға болмайды.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп меншік құқығын бұзу арқылы меншік иесіне мүлктік зиян келтіру немесе осындай зиян келтіру қаупін туындататын қоғамдық қауіпті іс-әрекеттер танылады.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6 тарауында (187-204 баптар) көзделген меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері іс-әрекеттің жасалу ниеті мен тәсілдеріне қарай сипатталады [2]. Қылмыстық заңнамаға қайшы жасалған іс-әрекетті нақты бір қылмыс құрамына жатқызу және оған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарға сәйкес құқықтық баға беру қылмыстық құқық теориясында қылмысты саралау деп аталады.

Қылмысты саралау – жасалған іс-әрекетті нақты қылмыс құрамына жатқызу және оған құқықтық баға беру процесі.

Қылмысты дұрыс саралау:

- заңдылық қағидатын сақтауды;
- әділ сот төрелігін жүзеге асыруды;
- қылмыстық жауаптылықтың негізділігін қамтамасыз етеді.

Қате саралау жазаның дұрыс тағайындалмауына және заң бұзушылықтарға әкелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне сәйкес меншікке қарсы қылмыстардың негізгі түрлеріне мыналар жатады.

- ұрлық;
- алаяқтық;
- тонау;
- қарақшылық;
- сеніп тапсырылған мүлкті иемдену немесе талан-таражға салу. Бұл қылмыстардың барлығының ортақ объектісі – меншік қатынастары.

Меншікке қарсы қылмыстардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы олардың жасалу тәсіліне, кінәлі тұлғаның әрекет ету нысанына және мүлікті иемдену ерекшеліктеріне байланысты айқындалады.

ҚРҚК 188-бабы ұрлық 4 бөліктен тұратын қылмыс, бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқырумен сипатталады, яғни кінәлі тұлға мүлікті иелену кезінде жәбірленуші немесе өзге адамдар бұл әрекетті байқамайды немесе сезбейді. Мұндай жағдайда мүлік меншік иесінің еркінен тыс алынады және күш қолдану болмайды. Ұрлықтық аса ауырлатылған түрлерінің санкциясы - мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады деп белгіленген [2].

Сот-тергеу тәжірибесінен келесі мысалды келтіруге болады: «Тұрар Рысқұлов аудандық соты заңсыз кірумен жасалған ұрлық фактісі бойынша М.-ға қатысты қылмыстық істі қарады (ҚК 188-бабы 3-бөлігінің 3 тармағы).

Сотталушы М. 2026 жылы 3 ақпанда сағат 11:30 шамасында Көгершін ауылы, Н.Бигазиев көшесі №16 үйге заңсыз түрде кіріп, жәбірленушіге тиесілі құны 150 000 теңге тұратын 585 пробалы алтын алқа, құны 300 000 теңге тұратын 585 пробалы жұптық сырға және 585 пробалы жұпсыз бір дана сырға, құны 10 000 теңге тұратын күміс білезік, құны 15 000 теңге тұратын күміс кулон мен құны 5 000 теңге тұратын күміс сақинаны жасырын түрде ұрлап, оқиға орнынан бой тасалап кетіп қалған.

Жәбірленушіге жалпы құны 480 000 теңге материалдық залал келтірген.

М.-нің кінәсі іске қатысушылардың айғақтарымен, үйден алынған саусақтарының іздеріменен және істің басқа да материалдарымен расталды.

Прокурор сотталушыға 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жаза тағайындауды сұрады» [3].

Ұрлық – бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыру. Оның негізгі белгілері: жасырын жасалады, жәбірленуші білмейді немесе байқамайды, күш қолданылмайды, мүлік еріксіз алынады.

Ұрлық бөтеннің мүлкін жасырын түрде жымқыру ретінде сипатталады. Оның объектісі – меншік қатынастары. Объективтік жағы мүлікті жасырын түрде, жәбірленушінің еркінен тыс және күш қолданусыз иемденумен көрінеді. Бұл ретте жәбірленуші мүліктің алынғанын байқамайды немесе кейін анықтайды. Қылмыс мүлік кінәлі тұлғаның нақты иелігіне өткен сәттен бастап аяқталған деп танылады. Субъектісі – 188 баптың 1 бөлігі бойынша 16 жас, 2,3,4 бөліктері бойынша 14 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға. Субъективтік жағы тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік мақсатпен сипатталады [4, 87 б.].

Алаяқтықтың ерекшелігі – мүлікті алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы иемденуінде. Бұл жерде жәбірленуші мүлікті өз еркімен береді, алайда оның еркі жаңылысуға негізделген болады. Кінәлі тұлға пайдакүнемдік мақсатта жалған мәліметтер ұсынып немесе сенімді пайдалану арқылы мүлікке немесе оған құқыққа ие болады.

Алаяқтық ҚРҚК 190-бабында белгіленген 4 бөліктен тұратын, жиі жасалатын қылмысқа жатады. Ең ауыр санкциясы 4-бөлік бойынша: мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, ал осы баптың үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген жағдайларда белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, жымқырылған мүліктің үш еселенгеннен бес еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [2].

Алаяқтық – алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы бөтен мүлікті немесе оған құқықты иемдену. Оның объектісі – меншік қатынастары және сенімге негізделген мүліктік қатынастар. Объективтік жағы алдау әрекеттері арқылы көрініс табады, мұнда жәбірленуші мүлікті өз еркімен береді, бірақ жаңылысады. Субъектісі – 16 жасқа толған, есі дұрыс тұлға. Субъективтік жағы тікелей қасақаналық және пайдакүнемдік мақсат [5, 97 б.].

Алаяқтық – қылмыстық құқық бұзушылықтың кең таралған түрлерінің бірі болып табылады және ол әртүрлі тәсілдер арқылы жасалады. Алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы зиян келтірудің негізгі тәсілдеріне мыналар жатады:

- құмар ойындар барысында әртүрлі айла-тәсілдерді қолдану;
- қолдан жасалған жалған асыл бұйымдарды сату;
- жалған ақша белгілерін пайдалану немесе оларды айырбастау;
- өзін құқық қорғау немесе бақылаушы органдардың қызметкері ретінде таныстыру;
- банктік несиелерді жалған құжаттар арқылы алу;
- жалған кәсіпорындар құру арқылы азаматтардың қаражатын иемдену;
- тұрғын үйді сату, айырбастау, жалға беру немесе кепілге қою кезінде жалған құжаттарды пайдалану;
- банкоматтардан ақша алу немесе сауда орындарында төлем жасау үшін бөтен немесе қолдан жасалған пластикалық карточкаларды пайдалану және т.б. [6, 67 б.].

Алаяқтық қылмысын жасаушылар, әдетте, жоғары кәсіби дайындық деңгейімен және техникалық құралдармен жақсы жабдықталғандығымен ерекшеленеді.

Алаяқтар әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бейімделе отырып, халықтың құқықтық білімінің төмендігін, нарықтық қатынастарға сәйкес тәжірибесінің жеткіліксіздігін пайдаланады. Осыны ескере отырып, олар бағалы қағаздар нарығында, шетелдік коммерциялық байланыстарда, жекешелендіру үдерістерінде, инвестициялық және несиелік-банктік қызмет салаларында әртүрлі алдау тәсілдерін ойластырып, тәжірибеде кеңінен қолданады.

Қазіргі кезеңдегі алаяқтықтың ерекшелігі – оның көбіне заңды тұлғалардың атынан жүзеге асырылып, азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау және қаржылық-шаруашылық операцияларды жүргізу арқылы көрініс табуында.

Практикада алаяқтықтың нақты көріністерін келесі мысал арқылы көрсетуге болады. Азамат М. сауда дүкенінде сатушы С.-ға келіп, оны алдау және сенімін теріс пайдалану арқылы өзге мүлікке құқықты иемденеді. Ол өзін жалған аты-жөнімен таныстырып, теміржолда машинист көмекшісі ретінде жұмыс істейтінін айтып, сондай-ақ жалған байланыс деректерін ұсынып, сенімге кіреді.

Осының нәтижесінде М. сатушы С.-дан бірнеше киім-кешекті қарызға жаздырып алып, оларды қайтармайды. Осы әрекеттері арқылы ол жәбірленушіге жалпы құны қырық мың теңге мөлшерінде мүліктік зиян келтіреді. Бұл әрекет алаяқтық, яғни алдау және сенімді теріс пайдалану арқылы бөтен мүлікке құқықты иемдену ретінде сараланады [7].

«Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары былтыр кибер алаяқтарға 1,4 млрд теңгеге алданған.

Қолды болған қаражаттың 38%-ы қайтарылды. Олыстық Полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, соңғы жылдары жалпы қылмыс деңгейі төмендегенімен, интернет алаяқтық көрсеткіші өсіп келеді. Былтыр «CyberPol» қызметкерлері екі ұйымдасқан қылмыстық топтың жолын кесіп, 56 алаяқтық дерегіне қатысы барын анықтаған. Олар тұрғындарға 400 млн теңгеге жуық шығын келтірген. Тергеу барысында қылмыскерлерден 14 Sim-box, 3 Sim-банк және түрлі операторларға тиесілі 35 мың Sim-карта тәркіленген. Бұл құрылғылар ел аумағында азаматтарды алдау мақсатында қолданылған. Мамандардың айтуынша, алаяқтар көбіне интернеттегі жалған хабарландыру арқылы алдын ала төлем алуға, жалған инвестициялық жобаларға ақша салдыруға немесе фишингтік сілтемелер арқылы жеке деректерді иемденуге тырысады. Сондай-ақ өздерін банк немесе құқық қорғау органдарының қызметкері ретінде таныстырып, телефон арқылы алдау фактілері жиі кездеседі» [8].

Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысында: Алаяқтықты азаматтық-құқықтық қатынастардан ажырату үшін алаяқтық кезінде кінәлі адамда алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы бөтен мүлікті жымқыруға немесе бөтен мүлікке

құқықты иемденуге қатысты пиғыл бөтен мүлікті немесе оған құқық алуды көздейтін шартты жасасқанға дейін және (немесе) сол сәтте туындайтыны ескерілгені жөн.

Мұндай жағдайларда кінәлінің алдау әрекеттері кінәлінің бөтен мүлікті алған немесе мүлікке құқықты иемденген фактісімен себептік байланыста, яғни алдау әрекеттері осы мүлікті беруден немесе оған құқықты иемденуден бұрын болуға тиіс [9].

ҚРҚК 191-бабы тонау – бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыру. Оның объектісі – меншік қатынастары. Объективтік жағы мүлікті жәбірленушінің немесе өзге адамдардың көзінше ашық түрде иемденумен сипатталады. Күш қолдану болуы мүмкін, бірақ ол өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес. Субъектісі – 191-баптың 1 бөлігі бойынша 16 жас; 2,3,4 бөліктер бойынша 14 жасқа толған, есі дұрыс тұлға. Субъективтік жағы тікелей қасақаналық және пайдакүнемдік мақсат.

Қылмыс 4 бөліктен тұрады, ауырлатылған түрі үшін «мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» деп белгіленген [2].

Қарақшылық – меншікке қарсы қылмыстардың ең қауіпті түрлерінің бірі болып табылады. Ол бөтеннің мүлкін иемдену мақсатында жасалған, жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе осындай қауіп төндірумен ұштасқан шабуыл ретінде сипатталады. Бұл қылмыс шабуыл жасалған сәттен бастап аяқталған деп танылады, тіпті мүлік иемденілмеген жағдайда да [10, 67 б.].

ҚРҚК 192-бап. Қарақшылық «1. Қарақшылық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуылға ұшыраған адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [2].

Бұл қылмыс 4 бөліктен тұрады. «4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

1) қылмыстық топ жасаса;

2) аса ірі мөлшерде жасалса, – мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады» [2].

Қарақшылықтың объектісі – меншік қатынастары және адамның өмірі мен денсаулығы. Объективтік жағы шабуыл жасаумен және қауіпті күш қолданумен сипатталады. Бұл қылмыс шабуыл жасалған сәттен бастап аяқталған деп танылады. Субъектісі – 14 жасқа толған, есі дұрыс тұлға. Субъективтік жағы тікелей қасақаналық және пайдакүнемдік мақсат.

«Жәбірленуші немесе мүлік қарамағында немесе күзетуінде тұрған адамдар бар кезде не бөгде адамдардың көзінше, бөтеннің мүлкін заңсыз иемденген адам өз әрекетінің заңсыз сипатын аталған адамдар түсінетінін, алайда осы мән-жайларды елемейтінін сезінген кезде жасалған бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену бөтеннің мүлкін ашық заңсыз иемдену, яғни тонау болып табылады. Бұл орайда қылмыстық құқықтық бұзушылықты көзі көргендер кінәлі адам әрекетінің жолын кесу шараларын қолдануының маңызы болмайды. Қолданылған зорлық-зомбылықтың (күш қолданудың) қауіптілік деңгейіне қарай кінәлі адамның әрекеттері тонау немесе қарақшылық ретінде саралануға тиіс» [11].

189-бап. Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу деп, кінәліге сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, яғни жымқыру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [2].

Сеніп тапсырылған мүлікті иемдену немесе талан-таражға салу кінәлі тұлғаға алдын ала заңды негізде берілген мүлікті кейіннен заңсыз иемденуімен сипатталады. Бұл қылмыстың ерекшелігі – мүліктің бастапқыда заңды түрде сеніп тапсырылуында және кейін сенімнің теріс пайдаланылуында. Сеніп тапсырылған мүлікті иемдену немесе талан-таражға салу – кінәлі тұлғаға заңды негізде сеніп тапсырылған мүлікті кейіннен заңсыз иемденуімен

сипатталады. Объектісі – меншік қатынастары және сенімге негізделген қатынастар. Объективтік жағы мүліктің бастапқыда заңды түрде берілуі және кейін заңсыз иемденілуі арқылы көрінеді. Субъектісі – арнайы, яғни мүлік сеніп тапсырылған тұлға. Субъективтік жағы тікелей қасақаналық және пайдакүнемдік мақсат.

Аталған қылмыстардың негізгі айырмашылығы мүлікті иемдену тәсіліне байланысты анықталады. Ұрлықта мүлік жасырын түрде алынса, алаяқтықта ол алдау арқылы және жәбірленушінің еркімен беріледі. Тонауда мүлік ашық түрде тартып алынады, ал қарақшылықта күш қолдану немесе күш қолдану қаупі орын алады. Ал сеніп тапсырылған мүлікті иемденуде мүлік бастапқыда заңды түрде беріліп, кейін заңсыз иеленіледі.

Осы қылмыстарды дұрыс ажырату қылмысты дұрыс саралаудың негізгі шарты болып табылады және қылмыстық заңнаманы тиімді қолдануға, сондай-ақ әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
3. Ұрлық жасап, 3 жылға сотталды // <https://qulantany.kz/archives/24884>
4. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық кодекске түсіндірме (Жалпы және Ерекше бөлім) – Алматы, 2015. – 768 б.
5. Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть. – Москва, 2002. – 345 с.
6. Пирзадаев А. Н. Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелері (жымқырумен байланысты материалдар негізінде). Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Астана. - 2015. - 139 с.
7. Мысал Алаяқтық Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік көзделген алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру немесе бөтеннің мүлкіне құқықтар алудың бір түрі // <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-bulandy/press/news/details/254579>
8. СҚО-да интернет алаяқтар 1,4 млрд теңге шығын келтірді // <https://qazaqstan.tv/news/225351>
9. Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысы
10. Уголовное право. Особенная часть: учебник для вузов / ответственные редакторы А. В. Наумов, А. Г. Кибальник. — 6-е изд., перераб. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2026. — 564 с.
11. Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P03000008S_

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ПРЕСТУПНОСТИ ЮРИДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№4 (76) - 2026

ISSN 1608-84-17

Подписано в печать 30.12.2025 г.

Формат 60x84 1/8.

Печать цифровая. Бумага офсетная.

Усл. печ. л. 5,81.

Тираж 500 экз.

Заказ № 03042026=201.

КОПИР & КА

Адрес типографии:

г. Алматы, ул. Шемякина д.73

rex8800@mail.ru